

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасының орындауы туралы екінші кезеңдік баяндаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 435 қаулысы.

Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 21 қарашада ратификациялаған Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасының орындауы туралы екінші кезеңдік баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасының орындауы туралы екінші кезеңдік баяндаманы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 20 шілдедегі
№ 435 қаулысымен
бекітілген

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасының орындауы туралы екінші кезеңдік баяндама

1. Әдіснама

1. Осы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) орындауы туралы екінші кезеңдік баяндама (бұдан әрі – баяндама) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің (бұдан әрі – пакт) 16 және 17-баптарына сәйкес ұсынылады.

2. Шолуда Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитеттің 2010 жылғы 3-21 мамыр кезеңінде өткен 44-сессиясында берілген қорытынды ескертпелерде берілген ұсынымдарды іске асыру нәтижелері баяндалады.

3. Талдау кезінде мемлекеттік органдар қабылдаған ресми құжаттар, статистикалық ақпарат, мақалалар, баяндамалар және ресми көздерден алынған өзге де

ақпараттық-талдамалық материалдар, оның ішінде үкіметтік емес (бұдан әрі – ҮЕҰ) және кәсіподақ ұйымдарының материалдары пайдаланылды.

4. Баяндаманы дайындау процесінде мемлекеттік органдардың, БҰҰ Даму Бағдарламасының (бұдан әрі – БҰҰДБ), ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен талқылаулар өткізілді.

5. 1-қосымшада ҚР-дың 2010 – 2015 жылдардағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері көрсетілген.

2. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитеттің 44-сессиясында берілген ұсынымдар бойынша баяндама

7-ұсыным

6. ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 2-бабының 3-бөлігіне, Азаматтық процестік кодекстің 2-бабының 3-бөлігіне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 1-бабының 4-бөлігіне, Қылмыстық кодекстің 1-бабының 3-бөлігіне сәйкес ҚР ратификациялаған халықаралық шарттар көрсетілген кодекстер алдында басымдыққа ие және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайлардан басқа, тікелей қолданылады.

7. Адам құқықтары саласындағы ратификацияланған халықаралық шарттар нормаларының дұрыс және біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Жоғарғы Соты "ҚР халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы" 2008 жылғы 10 шілдедегі нормативтік қаулыны қабылдады, бұл да халықаралық шарттарды практикада қолдануға мүмкіндік береді.

8. ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясы шеңберінде халықаралық актілерді, оның ішінде пактіні зерделеу сабақтарының тақырыптары көзделген.

9. Статистикалық нысандарда республика соттары қараған, пактіге сілтемелері бар істерді жеке есепке алу көзделген.

10. Сот жұмысының қағидаттары сот төрелігін іске асыру мәселелеріне қатысты қолданыстағы заңнаманың нормаларын бұлжытпай қолдануға, халықаралық шарттардың нормаларын сақтауға негізделетінін атап өту қажет. Халықаралық шарттардың ережелері ұлттық заңнамаға имплементацияланған және судьялар оларды қолдана отырып, халықаралық нормаларды тікелей іске асырады.

11. Сот актілерінде халықаралық шарттарға, оның ішінде пактіге сілтемелер көрсету мәселесі бойынша жұмыс жалғасуда.

8-ұсыным

12. Адам құқықтары туралы хабардарлықты арттыру мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің (бұдан әрі – АҚУ) сайты жұмыс істейді, АҚУ-дың бюллетені, ақпараттық жадынамалары тұрақты негізде шығарылады. Омбудсмен қызметі ашық және БАҚ-тарда кеңінен жарияланады. Адам құқықтары, оның ішінде

әлеуметтік-экономикалық, мәдени құқықтар саласындағы ақпараттық материалдарды АҚУ мекемесінің қызметкерлері өңірлердегі әлеуметтік, білім беру, балалар, пенитенциарлық мекемелерге барғанда таратады.

13. АҚУ қызметі туралы жыл сайынғы есепте лауазымды адамдарға жолданған барлық өтініштер мен ұсынымдар көрініс табады.

14. Ұлттық құқық қорғау мекемелері (Уәкілетті және ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия) халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық шеңберінде мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам өкілдері үшін адам құқықтары саласындағы оқыту семинар-тренингтерін өткізеді.

15. Сонымен қатар АҚУ мекемесінің қызметкерлері келіп түсетін шағымдарды қарау кезінде, азаматтарды жеке қабылдау барысында азаматтарға олардың құқықтарын, құқықтарды қорғау амалдарын түсіндіреді. Барлығы 2010 – 2015 жылдары Омбудсменнің мекенжайына азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарының бұзылуы туралы 2 566 өтініш түскен, АҚУ мекемесінің қызметкерлері Қазақ саңыраулар, зағиптар қоғамының 115 медициналық-әлеуметтік, балалар ұйымына, оқу-өндірістік кәсіпорнына мониторинг жүргізу мақсатымен бару жүзеге асырылды. АҚУ мекенжайына келіп түскен азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарының бұзылуы туралы өтініштер туралы 2010 – 2015 жылдарға неғұрлым толық ақпарат 2-қосымшада ұсынылып отыр.

16. ҚР халқының негізгі құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету мен қорғау жөнінде ҚР қабылдайтын шаралар туралы ақпараттандыру бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, 2015 жылы жүргізілген мониторингтің қорытындысы бойынша республикалық және өңірлік БАҚ-тарда адам құқықтары жөнінде 3 663 материал жарияланған. Оның ішінде республикалық электрондық БАҚ телеарналарында – 322 материал, баспа БАҚ-тарда – 479 мақала, интернет-ресурстарда – 825 жарияланым, өңірлік БАҚ-тарда – 2 037 материал берілген.

17. Бұдан басқа 2015 жылы мемлекеттік ақпараттық тапсырысты 4 этникалық БАҚ 4 тілде орындады және мемлекеттік телеарналар 3 тілде, радиоарналар 9 тілде таратты.

9-ұсыным

18. Оқушылардың адам құқықтары саласындағы білімі, олардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары 9-11 сыныптарда 34 сағат көлеміндегі "Адам. Қоғам. Құқық" пәнін, 5-9 сыныптарда "Өзін-өзі тану" пәнінің бағдарламасын меңгеру процесінде қалыптасады. Мәселен, 7-9 сыныптарда "Өзін-өзі тану" пәні шеңберінде "Адам және қоғам" бөлімі зерделенеді.

19. Сот жүйесі қызметкерлерінің және балалармен жұмыс істейтін мамандардың хабардар болу деңгейін арттыру ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 2 наурыздағы № 285 қаулысымен бекітілген ҚР азаматтарының құқықтық мәдени деңгейін арттыру жөніндегі 2012 – 2014 жылдарға арналған кешенді жоспарда көзделген. Бұдан басқа,

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 29 қарашадағы № 1116 қаулысымен бекітілген Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған бағдарлама іске асырылды.

20. Аталған құжаттарға сәйкес құқықтық мәселелерді, Конвенцияларды меңгеру құқық қорғау органдары мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларында да көзделген.

21. Ішкі істер министрлігінің (ІІМ) жоғары оқу орындарында (Алматы, Қарағанды, Қостанай академиялары, Ақтөбе заң институты) "ІО-ның адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қызметі" пәндері оқытылады.

22. ІІМ мен ІІД оқу орталықтарындағы сабақтарда ҚР ратификациялаған адам құқықтары саласындағы халықаралық Конвенцияларды және шарттарды зерделеу жүргізіледі.

23. Халықтың полицияға деген сенімі дәрежесін арттыру мақсатында 2014 жылдың басынан бері ІІМ-де бүкіл елге арналған 1402 бірыңғай хабарласу нөмірі бар бірыңғай сенім телефоны (Call-center) жұмыс істейді. Енді әрбір азамат ҚР кез келген жерінен "сенім телефонына" тегін қоңырау шалып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық фактілері және басқа да бұзушылықтар туралы хабарлай алады.

24. Бұл шараның полиция қызметкерлерінің адам құқықтарының бұзылуына жол бермеу жөніндегі одан әрі әрекеттеріне пәрменді ықпал етеді.

10-ұсыным

25. 2012 жылы АҚУ Ұлттық құқық қорғау мекемелерінің халықаралық үйлестіру комитетінде "В" мәртебесін алды.

26. ҚР Конституциясында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мәртебесін бекіту ҚР ұлттық құқық қорғау институтын Париж қағидаттарына сәйкес келтірудегі, адам құқықтарының ұлттық жүйесін нығайтудағы маңызды қадамға айналды.

27. АҚУ қызметі мынадай бірқатар Париж қағидаттарына сәйкес келетінін атап өту қажет:

1) АҚУ-ды Парламент палаталарымен келісім бойынша Президент бекітеді (басшылыққа алынатын құжатта АҚУ-ды лауазымынан босату негіздерінің түпкілікті тізбесі келтірілген);

2) АҚУ-ға лауазымды адамдардан адамның құқықтары мен бостандықтарына қатысты кез келген ақпаратты сұрату, мониторинг жүргізу мақсатында мекемелерге, оның ішінде жабық мекемелерге бару, қоғамдық маңызы үлкен болған жағдайларда Президентке, Парламентке және Үкіметке жүгіну құзыреті берілген;

3) АҚУ мекемесі барлық аумақтық бірліктерден келетін өтініштерді, оның ішінде өз интернет-ресурсы арқылы алады және қарайды (қазіргі уақытта АҚУ-дың өңірлік өкілдіктерін құру мәселесі пысықталуда);

4) АҚУ мемлекеттік органдарға ұсынымдар жолдайды, ҚР Президентіне жолданатын жыл сайынғы қызметі туралы есепте АҚУ жолдайтын барлық өтініштер мен ұсынымдар көрсетіледі, бұл олардың іске асырылуын бақылануға кепілдік береді;

5) АҚУ азаматтық қоғам институттарымен де, сол сияқты халықаралық ұйымдармен де ең кең мәселелер спектрі бойынша белсенді ынтымақтасады;

6) АҚУ қызметі ашық әрі БАҚ-тарда және АҚУ сайтының (ombudsman.kz) беттерінде кеңінен жарияланып отырады;

7) АҚУ әзірлеу және Парламенттің қабылдауы деңгейінде адам құқықтары саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға және талқылауға қатысады;

8) АҚУ адам құқықтарының бұзылуына берілген жеке шағымдарды қарайды;

9) АҚУ адам құқықтарының бұзылу жағдайларын қарауға бастама жасайды;

10) АҚУ өз қызметінде тәуелсіз және заң шығарушы, сот және атқарушы биліктің бір де бір органына бағынбайды, олардың құрамына кірмейді және олардың құрылымдарына жатпайды;

11) АҚУ-дың жыл сайынғы есебі баспа түрінде жарияланады және АҚУ-дың сайтында еркін қол жеткізуге болады.

28. Әлеуметтік және экономикалық құқықтарды қорғау мәселелері АҚУ қызметінде басым болып табылады, атап айтқанда, АҚУ мүгедектерді қоғамдық-саяси өмірге тарту, еңбек және әлеуметтік қажығыстардың алдын алу және еңбек қатынастарын үндестіру, балалардың құқықтарын қорғау, мәжбүрлеп қоныс аудартудан азаматтардың құқықтарын қорғау, құқық бұзушыларды қайта әлеуметтендіру және еңбек арқылы оналту және басқа да мәселелер бойынша бастамашылық етті.

11-ұсыным

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

29. Мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жүйелі шаралар әзірлеу болып табылады.

30. Мәселен, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) құрылды, ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын ала шараларды іске асырады.

31. Ол үшін Агенттіктің құрамында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат департаменті құрылды.

32. Агенттіктің құрылымында осы салада құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (бұдан әрі – Бюро) құрылды.

33. Бюро сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарға әкімшілік іс жүргізуді және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін жеткілікті өкілеттіктер кешеніне ие.

34. Бұдан басқа, Мемлекет басшысы жариялаған "100 нақты қадам" ұлт жоспарын іске асыру үшін 2015 жылғы қарашада "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы қабылданды (жаңа редакцияда).

35. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар (жаңа Заңның 22-б. 1-т.), оның ішінде прокуратура органдары да жүргізуге міндетті.

36. Олардың осы саладағы өкілеттіктері Қылмыстық-процестік кодекс пен "Прокуратура туралы" ҚР Заңында да регламенттелген.

37. Демек, прокуратура органдарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша қажетті өкілеттіктер кешені берілген.

38. БҰҰ ұсынымдарын іске асыру және қылмыстық-құқықтық шараларды қолдануды қысқарту мақсатында уәкілетті орган қызметіндегі басымдықтар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ығысқан.

39. Бұл үшін жаңа Заңмен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және стандарттар, сыбайлас жемқорлық қатерлерін талдау сияқты құралдар енгізілген.

40. Қаржылық бақылау шаралары кеңейіп келеді, егер бұрын тек мемлекеттік қызметшілердің мүлкі декларациялануға тиіс болса, 2020 жылдан бастап бұл институт еліміздің барлық азаматтарына қолданылатын болады (ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 23 қыркүйектегі № 975 қаулысымен мақұлданған ҚР азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістерін және мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру тұжырымдамасы).

41. Бұл ретте, есепке тек кірістер ғана емес, сол сияқты шығыстар да алынатын болады.

42. ҚР Қылмыстық заңнамасы тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қаралды.

43. 2015 жылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін бас бостандығынан айыруға байланысты емес баламалы жаза түрлері (еселі айыппұлдар) енгізілді.

44. Бұл шаралар ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған ҚР Құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде қабылданды.

45. Сонымен қатар, жаңа Қылмыстық кодекс бойынша жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарға мерзімнің ескіруі қолданылмайды, шартты түрде соттауға тыйым салынды, мемлекеттік қызметте лауазымдар атқару құқығына өмір бойына тыйым салу енгізілді.

46. Осы жылдары сот жүйесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары нөлге дейін жеткізілуі аса маңызды.

47. Мәселен, 2013 жылы сот жүйесінде 15 қылмыс анықталды, 4 судья сотталды; 2014 жылы – 7 қылмыс анықталып, 5 судья сотталды; 2015 жылы сотталған судьялар жоқ.

48. Бұл ретте, Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес халықтың сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілігін қалыптастыру бойынша белсенді шаралар қабылдануда.

49. Бұл міндетті іске асыруға алғаш рет заңнамалық деңгейде бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту институты ықпал етуде.

50. 2015 жылы республикалық және өңірлік телеарналарда қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға бағытталған 3 369 бейнесюжет көрсетіліп, радиодан 4 840 ақпараттық хабарлама берілді.

51. Баспа БАҚ-тарда 6 135 мақала, интернет кеңістігі мен әлеуметтік желілерде, сондай-ақ ақпараттық агенттіктердің сайттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта 8 549 мақала мен қысқаша баспасөз хабары шығарылды.

52. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің ертерек алдын алу үшін жаңа Заңмен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар институты енгізілді.

53. Бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған, әрбір қоғамдық қатынастар саласына арналған ұсынымдар жүйесі.

54. Стандарттарды әзірлеу міндеттемесі мемлекеттік органдарға, квазимемлекеттік сектор ұйымдары мен субъектілеріне жүктелген.

55. Сондай-ақ Заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының бірі ретінде "мүдделер қақтығысын" болдырмау және оны шешуді бекіту жаңалық болып табылады.

56. Енді сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік қана емес, сол сияқты жеке секторда да жүзеге асырылады.

57. Бұдан басқа, 2017 жылдан бастап жыл сайын Мемлекет басшысының қарауына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама енгізілетін болады.

58. ҚР мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерін жетілдіру бойынша жүйелі және кешенді шаралар қабылдауда.

59. Мемлекеттік аппараттың жалақысын кезең-кезеңмен, үнемі көтеріп отыру мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік жәй-күйін арттыруға және олардың өз міндеттерін адал әрі әділ негізде орындауы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

60. ҚР құқық тәртібі органдарына деген сенім деңгейін арттыруға, мінсіз жүріс-тұрысымен және жоғары құзыреттілік деңгейімен ерекшеленетін персоналды қалыптастыруға бағытталған шараларды әзірлеуде.

61. Ол үшін құқық қорғау қызметіне үміткерлерді іріктеу тәртібі қайта қаралды.

62. Бұдан былай қызметке тұру үш кезеңнен өту жолымен конкурстық тәртіппен жүзеге асырылатын болады.

63. Бұл заңнаманы білу деңгейін тестілеу, жеке басы ерекшеліктерін және кәсіби құзыреттілігін бағалау, сондай-ақ үміткермен сұхбат.

64. Бұл ретте құқық қорғау органдарын кезең-кезеңмен қарусыздандыру, сондай-ақ құқық қорғау қызметінің стандарттарын мемлекеттік қызмет стандарттарына сай келтіру шаралары қабылданатын болады.

65. Сонымен қатар құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациялау бойынша жаңа тәсілдер енгізілуде.

66. Сот жүйесіне деген сенімді арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісінде оның рөлін күшейтуге ерекше көңіл бөлінуде. Судьялар корпусын қалыптастыру тетігін жетілдіру, электрондық сот ісін жүргізуді дамыту, оның ашықтығы мен қолжетімділігі деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылданды.

67. Жаңа "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" ҚР Заңның қабылдануымен әрбір адам заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алуға және таратуға өзінің конституциялық құқығын іске асыра алады.

68. Ол үшін көп нәрсе жасалды. Бұдан бұлай азамат мемлекеттік органға тікелей жүгінеді, сондай-ақ ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы ақпарат алып, тарата алады, олардың қатарында Электрондық үкімет порталы, мемлекеттік органдардың интернет ресурстары бар.

69. Сондай-ақ бұл құқық 2015 жылы қабылданған "Қоғамдық кеңестер туралы" ҚР Заңының шеңберінде іске асырылады.

70. Заңда қоғамдық кеңестердің халық алдында есеп беретін мемлекет қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға, барлық деңгейлердегі мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған қызметін ұйымдастыру айқындалған.

71. Азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты кедергісіз, оның ішінде сенім телефондары мен мемлекеттік органдардың веб-сайттары арқылы хабарлауы үшін жағдайлар жасалған.

72. Еліміздің инвестициялық тартымдылығын күшейту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпкерлік қызметті, халықтың мемлекеттік қызметтерді сапалы және тез алуын қиындататын әкімшілік кедергілер жойылуда.

73. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдарды сыбайлас жемқорлық қатерлеріне сыртқы талдау жүргізу және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы бақылау қызметінің қорытындылары бойынша уәкілетті орган әзірлейді.

74. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" және "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заңдарың қабылдануымен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасалды, рұқсаттар саны мен қызметтің лицензияланатын түрлері күрт азайды.

75. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиімділігін бағалау және оның сапасын сыртқы бақылау жүйесі қалыптастырылды.

76. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдерін бұзу саны (2012 жылмен салыстырғанда 8,7 есеге) және оларды көрсету сапасына шағымдардың саны (25 %-ға) жыл сайын төмендеп келеді, сондай-ақ автоматтандырылған қызметтердің үлесі (2 еседен астам) және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтердің үлесі (51 %-ға) ұлғайды.

77. Мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпал етеді.

78. Экономиканың мемлекеттік емес секторында кәсіпкерлік қызметті жүргізу, халықты жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту үшін қолайлы жағдайлар жасалды.

79. Жалпы, аталған шараларды қабылдау ҚР-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет деңгейі бойынша Орталық Азия өңірінде де, ТМД елдері арасында да көшбасшы орындардың бірін иеленуге мүмкіндік берді.

80. Қазіргі уақытта ҚР-да 10 жылдық кезеңге есептелген (2015 жылдан 2025 жылға дейін) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия іске асырылуда (ҚР Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы).

81. Стратегия мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыруға, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне "мүлдем төзбеушілік" ахуалын қалыптастыру арқылы бүкіл қоғамды осы қозғалысқа тартуға бағытталған.

82. Сондай-ақ ҚР Үкіметі Стратегияға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар кешенін айқындады.

83. Іс-шаралар жоспарының сапалы орындалуын бақылауды Үкімет, сондай-ақ құрамына ҮЕҰ, БАҚ және басқа да азаматтық қоғам өкілдері кіретін Арнайы мониторинг тобы жүзеге асырады.

Сот жүйесін дамыту

84. ҚР-да сот жүйесін жетілдіру бойынша жүйелі іс-шаралар жүргізілуде.

85. Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің 2014 жылы жарияланған рейтингіне сәйкес "Сот тәуелсіздігі" көрсеткіші бойынша 2011 жылы 111 орында болған Қазақстан өз көрсеткіштерін 25 тармаққа жақсартып, 240 елдің ішінде 86-орынға ие болды. 2015 жылы ҚР өз көрсеткіштерін 2011 жылмен салыстырғанда 39 тармаққа, 2014 жылмен салыстырғанда 14 тармаққа жақсартып, аталған көрсеткіш бойынша 72-орынды иеленді. Бұдан басқа, ҚР Дүниежүзілік Банктің сот жүйесінің даму жағдайын және сот шешімдерінің орындалуын бағалайтын "Doing Business" рейтингіндегі "Келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету" индикаторы бойынша (үш параметрден тұрады: "уақыт бойынша шығындар", "қаржылық шығындар" және "сот өндірісі сапасының индексі") 189 елдің ішінде 9-орынға ие болды.

86. ҚР Судьялар одағын әлемдегі сот төрелігі туралы БҰҰ бағдарламаларымен жұмыс істейтін Халықаралық судьялар қауымдастығының (ХСК) 2011 жылы толық құқылы мүшесі ретінде қабылдауы ҚР жүргізетін судьялардың тәуелсіздігін нығайту жөніндегі жұмысты тану болып табылды. ҚР Судьялар одағының ХСК-ға кіруі ҚР сот жүйесі негізгі индикаторлар бойынша сот төрелігінің халықаралық стандарттарына сәйкестігінің куәсі болмақ.

87. Аудандық соттармен қатар мамандандырылған ауданаралық экономикалық, әкімшілік және қылмыстық соттар, әскери соттар, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылып, толыққанды жұмыс істеуде. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап инвестициялық даулар бойынша жеке сот өндірісі құрылды.

88. Азаматтық сот өндірісін жаңғырту мақсатында 2015 жылғы 31 қазанда жаңа ҚР Азаматтық процесілік кодексі (АПК) қабылданды, ол заңның үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі институционалдық реформа шеңберінде "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында орын алған бірқатар шаралардың іс жүзінде іске асырылуын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, сотта азаматтық-құқықтық даулар бойынша прокурордың қатысуын қысқарту, барлық сот процестерін аудиобейне бекітулерді енгізу, инвестициялық дауларды қараудың жаңа тәртібі туралы нормалар енгізілуде.

89. Сот отырысы хаттамасын жасау сапасын арттыру үшін соттарда заманауи технологиялар негізінде электрондық хаттама жасау мүмкіндігімен сот процестерін аудиобейне бекітулерді (АБФ) жүйелері орнатылған. Республикада 2015 жылдың қорытындысы бойынша залдарды жаңа АБФ жүйесімен жарактандыру 73,6 %-ды құрайды, 2016 жылы барлық соттар жаңа АБФ жүйесімен жабдықталды.

90. 2011 жылы сот дауларын шешуді сотқа дейінгі қалпына келтіру тәсілі ретінде медиация институты енгізілді. Жаңа АПК-да сонымен бірге қалпына келтіретін сот төрелігінің дамуына, соттардың жүктемесін төмендетуге ықпал ететін медиация институтының одан әрі дамуы және бітімгерлік рәсімінің жаңа түрі – судья жүргізетін соттағы медиация көзделген.

91. Медиатор да, сот та жүргізетін медиациялардың тиімділігін соттарда жүргізілетін эксперимент растады. 2014 жылы 9000-нан астам медиативтік келісім жасалды, бұл кемінде 18000 азаматтың бітімге келгенін білдіреді.

92. Сот құрылысын оңтайландыру жөніндегі жұмыстың қисынды жалғасы ретінде 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап "ҚР Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Азаматтық процесілік кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заң қолданысқа енгізілді. Сот сатыларының санын оңтайландыру жүргізілді және үш деңгейлі сот жүйесі құрылды: бірінші саты – аудандық соттар, апелляциялық саты – облыстық соттар, кассациялық саты – Жоғарғы Сот.

93. 2014 жылғы шілдеде халықаралық практикада кеңінен қолданылатын бірнеше жаңа институттар мен нормаларды, атап айтқанда қылмыстық теріс қылықтар, тергеуші судьялар, процестік келісімдер, пробация институттарын, бас бостандығынан айыруға балама жазаларды кеңінен енгізуді, сотталғандарды электрондық бақылауды (электрондық білезік) және т.б. көздейтін жаңа Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстері қабылданды.

94. 2015 жылғы 31 қазанда "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңы қабылданды, ол сот өндірісін және азаматтық процестік заңнаманы одан әрі жетілдіру бағытталған.

95. 2015 жылғы 31 шілдеде "ҚР сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы" Конституциялық Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін ҚР Конституциялық Заңға қол қойылды. Осы заңда кемінде он бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар отставкадағы судьяға зейнет жасына жеткенде өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төленетіні көзделген.

96. "ҚР кейбір конституциялық заңдарына Жоғарғы Сот Кеңесі, сот жүйесі және судьялардың мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы ҚР Конституциялық Заңы қабылданды. Аталған заңмен отставкаға шығу үшін судьялық жұмыс өтілін ұлғайту бөлігінде түзетулер енгізілді, отставкадағы судьяның өмір бойғы ай сайынғы қамтылымын тоқтата тұру және қайта бастау мәселелері реттелді. Сондай-ақ Конституциялық Заң сот жүйесіндегі кадр жұмысын жетілдіруге, судьялардың тәуелсіздігін арттыруға, Жоғарғы Сот Кеңесінің қызметін жаңғыртуға бағытталған түзетулерді көздейді. Сонымен қатар судьялыққа үміткерлердің біліктілік талаптары және оларды іріктеу тетігі қатандатылды.

97. Жоғарғы Сот жанынан негізгі мақсаты республиканың сот-құқықтық жүйесіне халықаралық сот төрелігі стандарттарын енгізу, сот қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру және соттардың құқық қолдану практикасын қамтамасыз ету болып табылатын Халықаралық кеңес құрылды.

12-ұсыным

98. ҚР Конституциясының 14-бабының 2-тармағына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

99. Адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша тікелей немесе жанама шектеу заңмен қудаланады (ҚР Қылмыстық кодексінің 145-бабы).

13-ұсыным

100. ҚР-да мүгедектер үлесі халықтың жалпы санының 3,7 %-дан астамын немесе 651,9 мың адамды құрайды.

101. Мүгедектердің жалпы санының 56,2 %-ы – ер адамдар, 43,8 %-ы – әйелдер; жас белгісіне қарай мүгедектердің 12,2 %-ы балалар, 62,8 %-ы – жұмысқа қабілетті жастағы адамдар; 25,0 %-ы – егде жастағы адамдар. Мүгедектердің 55,2 %-ы қалалық жерлерде, 44,8 %-ы ауылдық жерлерде тұрады.

102. Елімізде әлеуметтік жағдайына байланысты кемсітушілікке тыйым салынған. " ҚР-да мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" ҚР Заңға сәйкес мемлекеттік саясат мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілікке тыйым салу қағидатының негізінде жүргізіледі.

103. Мүгедектер ҚР Конституциясында, ҚР басқа да заңнамалық актілерінде бекітілген барлық әлеуметтік-экономикалық және жеке құқықтар мен бостандықтарға толықтай ие.

104. Мүгедектерге арналған әлеуметтік көмек ҚР заңнамасында көзделген мемлекеттік жәрдемақылар, өтемақылар түріндегі және өзге де, оның ішінде қайырымдылық есебінен берілетін төлемдерді қамтиды.

105. Республикадағы барлық мүгедектер еңбек өтілі мен жалақысына қарамастан мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (2016 жылы – 183,2 млрд. теңге төленді), ал зейнеткерлік жасқа жеткен кезде базалық зейнетақы төлемін алады.

106. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып табылатын адамдар еңбек ету қабілеттілігін жоғалту қатері туындаған кезде міндетті базалық жәрдемақыларға қосымша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер алады (2016 жылы – 8,6 млрд. теңге төленді).

107. 2010 жылдан бастап ҚР-да ең төмен жалақының 1,05 мөлшерінде мүгедек балалардың күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы енгізілді.

108. Мүгедектер жеке оңалту бағдарламасына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен оңалтудың техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз етіледі. Соңғы бес жылдың өзінде мүгедектерге оңалту құралдары мен қызметтерін сатып алуға арналған мемлекет шығыстары 4,0 млрд-тан 17,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

109. 2015 және 2017 жылдары Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесі кеңейтілді.

110. Елімізде 2012 жылдан бастап ҚР Үкіметінің қаулысымен кезең-кезеңмен бекітілетін ҚР-да мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) іске асырылуда.

111. Іс-шаралар жоспарының шеңберінде заңнаманы жетілдіру, Қазақстанда кедергісіз орта қалыптастыру, мүгедектердің тыныс-тіршілігі мен қоғамға етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер беру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

112. 2015 жылы мүгедектердің өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған төмендегідей:

"Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы";

"ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы";

"ҚР кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңдары қабылданды.

113. ҚР барлық өңірлерінде әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің қолжетімділігін бағалау және оларды алдағы уақытта мүгедектердің мұқтаждықтарына сай бейімдеу жұмыстары жүргізіледі. 2014 – 2016 жылдар аралығында мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде 16,7 мың бірлік арнайы жол белгілері мен нұсқаулары орнатылып, 465 бірлік жаяу жүргінші жолы дыбыстық құрылғылармен жабдықталды.

114. Қалыптасып келе жатқан қолжетімді орта жағдайларында халықты әлеуметтік қорғау органдары мүгедектерге көрсететін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (Еңбекмині) мынадай шаралар қабылдауда:

мүгедектер үшін протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоспағанда, оналту құралдарының барлық түрін үйлеріне жеткізіп беру ұйымдастырылды;

мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға психологиялық көмек көрсету және консультация беру үшін Онлайн қолдау қызметі құрылып, жұмыс істеуде;

аудан орталықтарынан шалғай орналасқан елді мекендерде тұратын азаматтар үшін "Қазпочта" АҚ және халыққа қызмет көрсету мобильді орталықтарының мамандары зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындауға құжаттар қабылдауды, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама қызметі мүгедектікті белгілеуді ұйымдастырды;

инвентар қызметін дамытуға республикалық бюджеттен өңірлерге ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінуде.

115. Мүгедектердің басқа азаматтармен тең дәрежеде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне құқығы бар.

116. ҚР-да инклюзивті білім беруді дамытуға көңіл бөлінеді, дамуында ерекше қажеттілігі бар балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған шаралар кешені іске асырылуда. Бұл шаралар ҚР-да білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында және ҚР басқа да нормативтік құқықтық актілерінде көзделген.

117. 2020 жылға қарай балаларға инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің үлесі – 70 %-ды, ал 2030 жылға қарай 100 %-ды құрайды.

118. Инклюзивті білім беру даму үстінде – мектепке дейінгі және орта білім алу, даму бұзушылығын түзету және әлеуметтік бейімдеу, балалардың барлық санаттарына: денсаулығында проблемалары бар (дамуында ерекше қажеттілігі бар балалар, мүгедек балалар), қоғамға әлеуметтік бейімделуі қиын (девиантты мінез-құлықты, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психикалық статусы төмен); мигранттар, оралмандар, босқындар отбасыларынан шыққан (6 мыңнан астам мигрант бала, оның ішінде 889 бала мектепке дейінгі жаста және 5 358 бала мектеп жасында, 24 725 бала репатриант (оралман) оқушы); мектептері жоқ 1 523 елді мекенде тұратын 27 363 балаға сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлар жасалуда.

119. Қазіргі уақытта орта білім беру ұйымдарында балалардың 30,5 %-ына инклюзивті білім беру жағдайлары жасалған. Оларда арнайы жағдайлар жасала отырып мүмкіндіктері шектеулі 25 633 бала (27 %) дені сау құрдастарымен тең білім алуға.

120. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 752 қаулысымен бекітілген Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ҚР-да инклюзивті білім беру жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі 2015 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешені бекітілді (ҚР БҒМ-нің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 534 бұйрығы).

121. ҚР-да инклюзивті білім беруді дамытуға тұжырымдамалық тәсілдер бекітілген (БҒМ-нің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығы).

122. Арнайы білім жалпы орта білімнің құрамдас бөлігі ретінде мүмкіндіктері шектеулі адамдардың білім алуына арнайы жағдайлар жасауды көздейді және мыналарды қамтиды: арнайы оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оқытудың арнайы әдістері мен амалдары, оқытудың компенсаторлық көмекші техникалық құралдары; медициналық, әлеуметтік көрсетілетін қызметтер.

123. 2016 жылы дамуында ерекше қажеттілігі бар балалардың саны 144 783-ті құрады (2014 жылы – 138516 адам). Инклюзивті білім берумен мектеп жасындағы 45 104 бала (84120 баладан) (46,7 %) қамтылды (қалғандары арнайы мектептерде – 13722 (14,6 %); арнайы сыныптарда – 11461 бала (12,2 %); үйінде – 10408 бала (7,3 %), жеке ұйымдарда – 2189 бала (2,3 %), колледждерде – 2877 жасөспірім (3,0 %) білім алуға). Мектепке дейінгі жастағы 14717 бала (35 %) (41805 баладан) (қалғандары арнайы балабақшаларда – 5159 (12,3 %); арнайы топтарда – 4474 бала (10,8 %), 12663 бала (30,2 %) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК) мен оңалту орталықтарында (ОО) педагогикалық-түзету көмегін алуға, 683 бала (1,6 %) үйінде тәрбиеленуде).

124. Дамуында ерекше қажеттілігі бар балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдауын тегін алуға; мемлекеттік медициналық ұйымдарда, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда немесе медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін тексерілуге және тегін медициналық көмекке; дене немесе психикалық кемістіктері байқалған сәттен бастап оның біліну дәрежесіне қарамастан, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысына сәйкес тегін медициналық-психологиялық-педагогикалық түзетуге құқығы бар.

125. Дамуында ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуға құқықтарын іске асыру үшін 2016 – 2017 оқу жылының басына жалпы білім беру мектептерінде мектепке дейінгі 39 ұйым, 98 арнайы білім беру ұйымы, 58 педагогикалық-психологиялық-медициналық консультация, 149 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 12 оңалту орталығы, 880 логопедтік пункт жұмыс істейді.

126. Мүгедектерді жұмыспен қамтуға ерекше көңіл бөлінеді. 2017 жылғы 1 қаңтарға республикада 129,7 мыңнан астам мүгедектің жұмысы бар. 2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде мүмкіндіктері шектеулі адамдардың ішінен 4 983-і бағдарламаға қатысушыларының құрамына енгізілді.

127. Барлығы 4 501 адам, оның ішінде ашық тұрақты жұмыс орындарына 1 034 адам, уақытша жұмыстарға 3467 адам орналастырылды.

128. Кәсіптік оқумен 330 адам қамтылды, "Бастау-Бизнес" жобасы шеңберінде 141 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды, әлеуметтік жұмыс орындарына 667 адам, жастар практикасына 193 адам жұмысқа орналасты, қоғамдық жұмыстарға 2 607 адам қатысты.

129. "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы ҚР Заңында арнайы жұмыс орындарын ашатын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау, кәсіпорынның штаттық санына байланысты мүгедектерді жұмысқа орналастыру бойынша квоталау тетігін жетілдіру нормалары көзделген.

130. Мүгедектің жұмыс орнын жабдықтауға және өндірістік ортасына қойылатын бірыңғай талаптарды айқындау, осы жұмыс орындарын құруды жеделдету және мүгедектерді қоғамның еңбек өміріне сәтті интеграциялау мақсатында 2015 жылы мүгедектің жұмыс орны стандарттары қабылданды.

131. Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту бойынша шешімдер әзірлеу үкіметтік емес сектормен бірлесіп жүргізіледі.

132. Бұл жұмыстағы тиімді тетіктердің бірі 2005 жылдан бастап ҚР Үкіметінің деңгейінде жұмыс істейтін Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру

кеңесі болып табылады, оның 26 мүшесінің 16-сы (немесе 62 %-ы) қоғамдық мүгедектер бірлестіктерінің өкілдері болып табылады.

133. 2013 – 2014 жылдары республикада орталық атқарушы органдар мен облыс әкімдерінің бірінші басшыларында Мүгедектік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшілер институты жұмыс істей бастады.

134. Жыл сайынғы негізде өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдардың өмірін жақсартуға өз үлесін қосуда мүгедектер мен олардың қоғамдық ұйымдарының бастамаларын қолдайтын және ынталандыратын "ҚР-да іске асырылатын үздік әлеуметтік жобалар" атты республикалық акция өткізіледі.

135. Елімізде мүгедектерге қоғамның толерантты көзқарасын қалыптастыруға, олардың әлеуетін және республиканың дамуына қосатын үлесін насихаттауға бағытталған қоғамдық-ағартушылық науқандар жүргізіледі.

136. Мүгедектік проблемаларына қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру мақсатында республикалық және өңірлік БАҚ-тарда шамамен 14,0-мың материал орналастырылды.

14-ұсыным

137. Шетелдік азаматтардың ҚР аумағында еңбек қызметін жүзеге асыруы бірқатар нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

138. Көші-қон мәселелерін құқықтық реттеудің негізі, оған сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ҚР-да құқықтар мен бостандықтарды пайдаланатын, сондай-ақ Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, азаматтар үшін белгіленген міндеттерді атқаратын ҚР Конституциясы болып табылады.

139. Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттары мен нормаларына сәйкес ҚР Конституциясында (21-бап) "...ҚР аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа жағдайларда, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар" деп белгіленген.

140. ТМД шеңберінде 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еңбек көші-қоны және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім қолданылады (ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 қыркүйектегі қаулысымен ратификацияланған).

141. Сондай-ақ 2008 жылғы 14 қарашада Кишинев қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің еңбекші мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық жағдайын реттейтін ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылды (2009 жылғы 31 желтоқсандағы ҚР Заңымен ратификацияланған), онда тараптар еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелеріне қатысты құлдық, кез келген басқа да мәжбүрлі жай-күйге, мәжбүрлі еңбекке, қинау, адамның ар-намысы мен ожданына қатыгездікпен және қорлай қарау немесе жазалау жағдайларына жол бермеуге міндеттенетін ережелер көзделген.

142. 2014 жылғы 14 қазандағы ҚР Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық туралы шарттың 97-бабының 1-тармағына сәйкес мүше мемлекеттің жұмыс берушілері және (немесе) жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушілері мүше мемлекеттердің еңбекшілерін ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді ескермей еңбек қызметін жүзеге асыруға тартуға құқылы. Бұл ретте мүше мемлекеттердің еңбекшілерінен жұмысқа орналасу мемлекетінде еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алуы талап етілмейді.

143. ҚР-да 2011 жылғы 16 тамызда күшіне енген "Халықтың көші-қоны туралы" Заң (жаңа редакцияда) қабылданды.

144. Заңда:

тарихи отанына оралу мақсатында;

отбасын біріктіру мақсатында;

білім алу мақсатында;

еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында;

гуманитарлық және саяси уәждер бойынша алғаш рет заңнамалық тұрғыдан көші-қон ағымдарының негізгі түрлері белгіленген.

145. ҚР-ны халықаралық еңбек нарығына интеграциялауды қамтамасыз етуге, жоғары білікті шетелдік жұмыс күшін тартуға, ішкі еңбек нарығын қорғауға, этникалық қазақтардың елге келуіне және қоныстануына бірыңғай жағдайлар жасауға, оларды қоныстану өңіріне қарай әлеуметтік қолдауға, оралмандардың басым өңірлерде қоныстануын ынталандыруға бағытталған "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы ҚР Заңы қабылданды.

146. 1951 жылғы Женева Конвенциясын ратификациялаудан туындайтын Қазақстанның міндеттемелері ескеріле отырып, 2009 жылғы 4 желтоқсанда "Босқындар туралы" ҚР Заңы қабылданды, оның негізгі мақсаты шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға пана берудегі қатынастарды реттеу жүйесін қамтамасыз ету, сондай-ақ босқын мәртебесін беру. Мәселен, "Босқындар туралы" ҚР Заңда босқындар мен пана іздеп жүрген адамдардың құқықтары нақты айқындалған. Мысалы, босқындар мен пана іздеп жүрген адамдардың ҚР заңнамасына сәйкес медициналық қызметтің көрсетілуіне, сондай-ақ еңбек ету немесе кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

147. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі ҚР Заңы жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын босқын мәртебесі бар адамдардың, тұруға ықтиярхаты бар және ҚР-да тұрақты тұрып жатқан шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмекке құқығын айқындайды.

148. 2014 жылғы 12 сәуірден бастап "Кейбір заңнамалық актілерге еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заң іске асырыла

бастады, қазіргі уақытта еңбекші көшіп келушіге жеке тұлғаларда жұмысқа орналасу үшін рұқсат беру жүзеге асырылуда, бұл оларға жеке тұлғаларда өз бетінше жұмысқа орналасуға және мемлекеттік баж салығын төлеуге мүмкіндік береді (ҚР Ішкі істер министрінің "Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және қайтарып алу, сондай-ақ еңбекші көшіп келушілерді тіркеу, олардың дактилоскопиялық, фотоесептерін қалыптастыру және жүргізу қағидасын бекіту туралы" 2014 жылғы 8 ақпандағы № 76 бұйрығы).

149. 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін ішкі істер органдары көшіп келушілерге жеке тұлғаларда еңбек қызметін жүзеге асыру үшін 141 254 рұқсат берген.

150. Республикада ҚР-да тұрақты тұрып жатқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығы қамтамасыз етіледі.

151. Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер "Білім туралы" ҚР Заңының 8-бабында бекітілген. Мемлекет ҚР азаматтарына тегін мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуды қамтамасыз етеді.

152. Осындай мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу құқықтарына ҚР аумағында тұрақты тұратын, сондай-ақ ҚР-ға отбасын біріктіру мақсатында келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да ие.

153. Республикада қолданыстағы заңнамаға сәйкес мигранттардың балаларының білім алуына қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияның 28-бабының орындалуы қамтамасыз етілуде.

154. Білім беру органдарының есепті ақпараты бойынша 2015 – 2016 оқу жылында республиканың жалпы білім беру мектептерінде басқа елдерден келген 3 402 мигрант бала оқиды.

155. Олардың ең көп бөлігі Алматы (1 423) және Астана (351) қалаларында, Оңтүстік Қазақстан (418), Батыс Қазақстан (331), Қарағанды (235) және Жамбыл (111) облыстарында тұрады.

156. Шетелдік азаматтардың балаларын оқуға қабылдау "ҚР-да тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу ережесін бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 тамыздағы № 398 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

157. Мәселен, ҚР-да тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ ҚР-да уақытша тұратын адамдардың (босқындар, пана іздеген адамдар, консулдық лауазымды адамдар, дипломатиялық мекемелердің қызметкерлері, көші-қон заңнамасына сәйкес ҚР-да жұмыс істейтін еңбекші мигранттар) балалары білім беру ұйымдарына қабылданады және Қазақстан азаматтарымен бірдей құқықтарға ие.

158. 2013 – 2014 оқу жылы ішінде барлық мектептерде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың балаларының жеке істері тексеріліп, талаптарға сәйкес

келтірілді. Республика аумағында жүрген шетелдік азаматтардың тізімдерін қолдағы дерекқор бойынша уақтылы нақтылау жөнінде көші-қон органдарымен өзара іс-қимыл жұмысы ретке келтірілген.

159. ҚР азаматтары болып табылмайтын балалардың білім алуға және білім қажеттіліктерін қанағаттандыруға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету білім беру органдарының тұрақты бақылауында.

160. "Халықтың көші-қоны туралы" ҚР Заңының 28, 31, 35-баптарына сәйкес ҚР-ға келген көшіп келушілердің міндетті медициналық сақтандыруы болуға тиіс.

161. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі ҚР Кодексінің 88-бабының 5-тармағына сәйкес, егер ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, ҚР аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың айналасындағылар үшін қауіп төндіретін жіті аурулары болған кезде ҚР Үкіметі айқындайтын тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар.

162. Көшіп келуші өміріне немесе оның айналасындағылардың денсаулығына төнген қауіп жойылған сәттен бастап көшіп келушілерге жоспарлы медициналық көмек көрсету жіберуші тараптың, азаматтардың, сақтандыру компанияларының жеке қаражаты есебінен, сондай-ақ ұйымдардың қайырымдылық жарналары мен жанашырлық жәрдемі есебінен ақылы негізде жүзеге асырылады.

163. "Халықтың көші-қоны туралы" ҚР Заңының 12-бабына сәйкес ҚР Денсаулық сақтау министрінің мынадай:

1) "Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың ҚР-ға келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы" 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664;

2) "Көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету ережесін бекіту туралы" 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 665 бұйрықтары әзірленіп, бекітілді.

15, 19-ұсынымдар

164. 2006 – 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру кезеңінде ҚР елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

165. 2006 – 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын қабылдау саяси санасы және азаматтық белсенділігі жоғары, гендерлік балансты ілгерілету, әйелдердің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси мүмкіндіктерін кеңейту, ұлт денсаулығын нығайту, қоғамның рухани-адамгершілікті дамуына жағдайларды қамтамасыз ету үшін дамыған институционалдық негізі бар қоғамға қарай жасаған мемлекеттің маңызды қадамы болды.

166. Гендерлік теңдік қоғамның әлеуметтік жаңғыруының басты бағыттарының бірі болып табылады, себебі тең мүмкіндіктер жасау әйелдердің елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етуде басты бағыттардың бірі болып табылады.

167. Әйелдердің саяси ілгерілеуіне, сондай-ақ уақтылы қабылданған уақытша арнайы шаралар да ықпалын тигізді. Мәселен, Елбасының тапсырмасы бойынша неғұрлым дайындығы бар әйелдер қатарынан шешім қабылдау деңгейіне әйелдерді ілгерілету жөніндегі 2016 жылға дейінгі кезеңге арналған іс-қимыл жоспары қабылданды.

168. Жыл сайын Дүниежүзілік экономикалық форумда (ДЭФ) жасалатын жуырдағы Гендерлік теңдік туралы жаһандық баяндамада көрсетілгендей, ҚР экономикалық, саяси және басқа да салаларда әйелдердің мүмкіндіктері оң бағаланатын елдердің қатарына кіреді.

169. Бүгінде әйелдердің азаматтық белсенділігін арттырудың оң үрдісі байқалуда және үкіметтік емес әйелдер ұйымдары жұмыс істейді.

170. Гендерлік теңдік саласында 12 халықаралық құжат ратификацияланды. ҚР БҰҰ-ның төрт негізқалаушы құжатының қатарына қосылды. Бұл 1979 жылғы Әйелдерге қарсы кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенция, 1993 жылғы Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларация, 1995 жылғы Бейжің декларациясы мен Іс-әрекет платформасы, 2015 жылғы "Біздің әлемді қайта құру: 2030 жылға дейін тұрақты даму (ТДМ) саласындағы күн тәртібі" декларациясы.

171. ҚР-дағы Гендерлік саясатты одан әрі дамыту ҚР-дағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын (ҚР Президентінің 2016 жылғы № 384 Жарлығымен бекітілген) іске асыруда көрінісін табады. Тұжырымдама ҚР Конституциясы, "Қазақстан 2050" стратегиясы, "100 нақты қадам" Ұлт жоспары, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамасы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенциясы, ТДМ және басқа да ратификацияланған халықаралық шарттар мен келісімдер негізінде әзірленген.

172. Әйел тақырыбы – республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында неғұрлым таралған тақырыптардың бірі. 2015 жылы "Гендерлік саясат" тақырыбы бойынша 3 318 материал жарияланды. Олардың ішінде республикалық телеарналарда – 589 сюжет, баспа БАҚ-тарда – 369 мақала, интернет-ресурстарда – 730 жарияланым; өңірлік телеарналарда – 657 сюжет, баспа БАҚ-тарда – 796 мақала, интернет-ресурстарда – 177 мақала.

173. Бүгінгі таңда ҚР әйелдер кәсіпкерлігін дамытуды қоса алғанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын қабылдауда.

174. Халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру, әл-ауқатын көтеруге жәрдемдесу, жұмыссыздықты қысқарту мақсатында 2011 жылдан бастап елімізде "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асырылды.

175. Бағдарлама шеңберінде жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарындағы азаматтарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына

қатысуға және мемлекеттік қолдау шараларын алуға мүмкіндік берілді. Әйелдер басқа нысаналы топтармен қатар Бағдарламаға қатысуға басымды құқыққа ие болды.

176. Бағдарламаны іске асыру үш бағытта жүзеге асырылды:

инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

кәсіпкерлікті дамыту және тірек ауылдарды дамыту арқылы жұмыс орындарын ашу

;

жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

177. Ол іске асырыла бастағалы Бағдарламаға 598 мыңға жуық адам қатысты (олардың 290,7 мыңнан астамы әйелдер), әйелдердің қатысу үлесі 48,7 %-ды құрады.

178. 2015 жылдан бастап 1926 әйел микрокредит алды, олардың 1102-сі алғаш рет өз ісін ашты, қалғандары өздерінің қазіргі бизнестерін кеңейтті. Олар қосымша тағы 573 әйелге тұрақты жұмыс орнын ашты.

179. Бағдарлама шеңберінде 2015 жылы барлығы 49,8 мың әйел жұмысқа орналасты

.

180. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген жаңа Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы аталған Бағдарламаның қисынды жалғасы болды.

181. Жаңа Бағдарлама шеңберінде жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды, оның ішінде әйелдерді оқытумен, микрокредит берумен және жұмыс орындарын құру шараларымен қамтуды ұлғайту көзделіп отыр.

182. ҚР-да адам құқықтарын іске асыру саласындағы негіз қалаушы бағыт ерлер мен әйелдер үшін бірдей еңбекке бірдей еңбекақы төлеу болып табылады. Бұл қағидат ҚР Конституциясында бекітілген (24-б. 2-т.), онда азаматтардың еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы алу құқығы көзделген. Аталған талап жалпы сипатқа ие, яғни ол еңбекті қолдану саласына қарамастан барлық адамдарға қатысты қолданылады. Бұл ретте сөз кез келген нысандағы кемсітушілікке тыйым салу туралы (ҚР Конституциясының 14-б.) болып отыр.

183. ҚР Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 6-бабына сәйкес ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды. Жоғарыда айтылғанның негізінде ҚР-да "бірдей құндылықтағы еңбекке бірдей ақыға" кепілдік берілгені анық.

184. Еңбектің осы түріне тән талаптармен айқындалатын не мемлекеттің басымды әлеуметтік және құқықтық қорғалуға мұқтаж адамдар жөнінде ерекше қамқорлығынан

туындаған өзгешеліктер, ерекшеліктер, артықшылықтар мен шектеулер кемсітушілік болып табылмайды.

185. Еңбек саласында кемсітушілікке ұшырадым деп есептейтін адамдар ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа немесе өзге де инстанцияларға жүгінуге құқылы.

186. Бүгінгі таңда гендерлік теңдікті сақтау қағидаты білім берудің барлық деңгейлерінде қамтамасыз етіледі. 2012 жылы гранттық қаржыландыру аясында оқу бағдарламаларына гендерлік құрамдас бөлікті кезең-кезеңмен енгізуді қамтамасыз ету үшін төрт жоғары оқу орнына зерттеулер жүргізуге 12 млн. теңге бөлінді.

187. 2010 – 2016 оқу жылдары республиканың жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылардың жалпы санының 50 %-дан астамы қыз балалар болды.

188. Барлық оқушылардың жынысына қарамастан экономикалық, әлеуметтік және мәдени іс-шараларға қатысуға бірдей құқықтары бар.

189. Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы (Ұлттық экономика министрлігі (ҰЭМ) Статистика комитетінің ресми ақпаратына сәйкес) 2015 жылы 126,0 мың теңгені немесе 2010 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 162,4 %-ды құрады. Ерлерде бұл көрсеткіш 151,7 мың теңгені (2010 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 63,4 %-ға өскен), әйелдерде 99,9 мың теңгені (2010 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 63,1 %-ға өскен) құрады.

190. Әйелдер жалақысының ерлер жалақысына арақатынасы 2015 жылы 65,9 %-ды құрады. Бұл, ең алдымен, әйелдердің білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру сияқты қызмет салаларында көбірек топтасуына байланысты, мұндағы жалақы деңгейі өндірістік салаға қарағанда төмен.

191. Ал ерлер көбіне еңбек жағдайлары ауыр (зиянды), жалақысы орташа республикалық көрсеткіштен жоғары және негізінен ауыр және зиянды факторлардың болуына байланысты әйелдер еңбегін пайдалануға тыйым салынатын, өнеркәсіп (мұнай-газ, тау-кен өндіру, өңдеу), көлік, құрылыс сияқты қызмет салаларында жұмыс істейді.

192. Жаңа ҚР-дағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде "Экономикадағы гендерлік теңдік" стратегиялық бағыты бойынша Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін өзектендіру жоспарлануда.

193. Аталған іс-шараларды іске асыру Қазақстан ратификациялаған ХЕҰ конвенциялары ережелерінің және әйелдерді жекелеген кәсіптер мен жұмыс түрлеріне жұмысқа орналасуға заңды түрде бекітілген шектеулер себептерінің бірі болып табылатын еңбекке ақы төлеуде әйелдер мен ерлер арасындағы айырманы азайту бөлігінде қазақстандық заңнаманың негізгі бағыттарына барынша қол жеткізу мақсатында қажет.

194. Қолданыстағы заңнаманың халықаралық нормаларға сәйкес келуі ҚР-ға бірқатар халықаралық шарттарды ратификациялауға мүмкіндік берді.

195. 2000 жылы Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) "Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы" № 100 Конвенциясы ратификацияланды.

196. 2006 – 2016 жылдарға арналған ҚР-дағы гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру мақсатында 2012 жылы ХЕҰ-ның "Ананы қорғау туралы" № 183 (2012 жылғы 14 ақпандағы ҚРЗ), "Отбасылық міндеттермен еңбек ететін еңбекші ерлер мен әйелдерге арналған тең қарау мен тең мүмкіндіктер туралы" № 156 Конвенциялары (2012 жылғы 16 қарашадағы ҚРЗ) ратификацияланды.

197. ҚР-да жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау, еңбек және еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзудың (оның ішінде еңбек құқықтарын іске асыру кезінде жынысы және басқа да белгілер бойынша кемсітушілікке байланысты) алдын алу және оған жол бермеу мақсатында Мемлекеттік еңбек инспекциясы құрылды және жұмыс істейді.

198. 2015 жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары 11 421 тексеру жүргізді, 19,6 мыңнан астам еңбек заңнамасын бұзушылықты, оның ішінде еңбек қатынастары саласында 14 675, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында 4 440, халықты жұмыспен қамту саласында 472 бұзушылық анықтады.

199. Бұл ретте аталған кезеңде жынысы бойынша кемсітушілік белгілері бар бұзушылықтар тіркелген жоқ.

16-ұсыным

200. Қылмыстық кодекстің 44-бабының бірінші бөліміне сәйкес бас бостандығын шектеу, сотталған адамды жергілікті атқарушы органдар айқындайтын жерлерде, бүкіл жазалану мерзімі ішінде жыл сайын 240 сағаттан мәжбүрлі еңбекке тарта отырып, бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімде пробациялық бақылау белгілеуден тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Бас бостандығын шектеуге сотталған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер мәжбүрлі еңбекке тартылмайды. Өзге жазаны бас бостандығын шектеуге ауыстырған жағдайда ол бір жылға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін, бұл ретте сотталған адам мәжбүрлі еңбекке тартылмайды. Мәжбүрлі еңбекке тарту күніне төрт сағаттан асырылмай негізгі жұмысы бойынша жұмыс орнын (лауазымын) сақтау арқылы сотталушы оны өтеу уақытында негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерінен босатыла отырып, оқудан бос уақытында, ал егер сотталушының негізгі жұмыс орны болмаса және оқымаса – күніне сегіз сағатқа дейін, бірақ аптасына қырық сағаттан асырылмай өтеледі.

201. Қылмыстық-атқару кодексінің 63-бабының екінші бөлігіне сәйкес бас бостандығын шектеуге сотталғандарды мәжбүрлі еңбекке тартуды жергілікті атқарушы органдар көрсетілген Кодекстің 57-59-баптарына сәйкес ұйымдастырады.

202. Осылайша, сотталғандарды мәжбүрлі еңбекке тарту мәселелері ҚР заңнамасында регламенттелген.

203. Әлемдік практика соттың сотталғандарға мәжбүрлі еңбек түрінде жаза қолдануы қоғам мен мемлекетке көбірек пайда әкелетін ең қолайлы әрі әділ, неғұрлым тиімді болып табылатынын және жазалау қағидатына қайшы келмейтінін, қылмыстық заңнаманың ырықтануы туралы куәландыратынын атап өтеміз.

17-ұсыным

204. ҰЭМ Статистика комитеті жыл сайынғы негізде "Бақыланбайтын экономиканың жалпы ішкі өнімдегі жалпы қосылған құнының үлесі" көрсеткішін қалыптастырады.

205. Евростаттың Кестелік тәсіліндегі бақыланбайтын экономиканың типтерін зерделеу кезінде ҚР үшін есептеулерді N1, N2, N3, N6 және N7a құрамдауыштары бойынша жүргізуге болады деген тұжырым жасалды.

N1 құрамдауыштары – тіркелмеген кәсіпорындардың шығару көлемі;

N2 құрамдауыштары – өндірушілер әдейі тіркелмейді (заңсыз қызмет);

N3 құрамдауыштары – формальды емес сектордың шығару көлемі;

N6 құрамдауыштары – саналы түрде нақты емес ақпаратты ұсынатын өндірушілердің шығару көлемі;

N7a құрамдауыштары – толық емес, бастапқы көздерден жиналмаған немесе тікелей жиналмаған өндірушілердің шығару көлемі.

206. N3 есептеулеріне қатысты формальды емес сектордың шығару көлемі. Есеп жүргізу үшін ақпарат көзі формальды емес сектор кәсіпорындарының жалпы өнімі (үй шаруашылықтарының өнімі) болып табылады.

207. N3-ке заңнамаға сәйкес тіркелмеуге тиіс өндірушілер жатады. Аталған санатқа тауарларды өзі тұтыну, өз капиталын қалыптастыру, тұрғын үй салу және жөндеу үшін өндіретін үй шаруашылықтары жатады. Не өндірушінің кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті болатындай шағын, бірақ белгіленген деңгейден төмен шағын нарықтық шығарылымы болады.

208. Бақыланбайтын экономика, оның ішінде формальды емес сектор бойынша барлық есептеулер ЭҚОЖ секциясына сәйкес экономикалық қызмет түрлері бойынша жүргізіледі (ҚР МС 03-2007).

209. Сонымен бірге, бақыланбайтын (көлеңкелі) экономика бойынша қажетті ақпарат Статистика комитетінің www.stat.gov.kz ресми сайтында, "ҚР Ұлттық шоттары" статистикалық жинағында, сондай-ақ "Ұлттық шоттар – интеграцияланған шоттар" бөлімінде еркін қолжетімділікте орналастырылған.

210. Формальды емес сектордың ауқымы туралы ақпарат жыныс және қала/аудан бойынша бөліністе қалыптастырылмайды.

211. Бір жұмыскердің орташа айлық номиналды жалақысы (ҰЭМ Статистика комитетінің ресми ақпаратына сәйкес) 2015 жылы 126,0 мың теңгені немесе 2010 жылдың тиісті кезеңіне қатысты 162,4 %-ды құрады. Ерлерде бұл көрсеткіш 151,7 мың теңгені (2010 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 63,4 %-ға өскен), әйелдерде 99,9 мың теңгені (2010 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 63,1 %-ға өскен) құрады.

212. Әйелдер жалақысының ерлер жалақысына арақатынасы 2015 жылы 65,9 %-ды құрады. Бұл, ең алдымен, әйелдердің жалақы деңгейі өндірістік салаға қарағанда төмен білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру сияқты қызмет салаларына көбірек топтасуына байланысты.

213. ҚР-дағы формальды емес жұмыспен қамтылған халық саны туралы ақпарат 2005 жылдан бері жыл сайынғы негізде қалыптастырылады. Жынысы, жердің типі және басқа да сипаттамалар бойынша аталмыш ақпарат Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында "Ресми статистикалық ақпарат"/"Еңбек" бөлімінде еркін қолжетімділікте орналастырылған.

214. Жұмыспен қамтылған халық саны 2015 жылы 8,6 млн. адамды құрады. Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санында қала тұрғындары 4,9 млн. адамды (56,7 %), әйелдер 4,2 млн. адамды (48,4 %) құрады.

215. Алдын ала ақпарат бойынша республика экономикасында жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 23,0 %-ы формальды емес қамтылған болып табылды.

Жастардың формальды және формальды емес жұмыспен қамтылуы

216. Жұмыспен қамтылу сипаты бойынша 319,4 мың адам немесе 15-24 жас шамасындағы жастардың 25,3 %-ы формальды емес жұмыспен қамтылған жастар құрайды, яғни еңбек нарығында жұмыспен қамтылған барлық осы жас тобындағы жастардың төрттен бір бөлігі. 25-34 жас шамасындағы формальды емес жұмыспен қамтылғандардың үлесі аздау және 21,3 %-ды құрайды.

Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар мен қарт адамдардың формальды және формальды емес түрде жұмыспен қамтылуы

217. Статистикалық ақпарат бойынша 55-64 жастағы адамдар арасында еңбек нарығында 781 мың адам жұмыспен қамтылған, оның ішінде жұмыспен формальды емес қамтылғаны – 208,8 мың адам немесе 26,7 %. 65 және одан үлкен жастағы қарт адамдар арасында 62 мың адам экономикада жұмыспен қамтылған, бірақ басқа жас топтарына қарағанда, формальды емес қамтылғандардың үлесі көбірек және 72 %-ды құрайды.

218. 55-64 жас тобындағы адамдар үшін жұмыспен қамтылудың негізгі саласы экономиканың формальды емес секторы болып табылады, егде жастағы халық (65 және

одан үлкен жастағы) тек қана өнімді өзі тұтыну үшін өндірумен айналысатындар үшін негізгі сала – үй шаруашылығы.

219. 3-қосымшада 2010 – 2015 жылдары экономикада жұмыспен қамтылған халық (мың адам) туралы ақпарат ұсынылған.

18-ұсыным

220. Еңбек кодексіне сәйкес жалақының ең төмен мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен аз болмауға тиіс және ол қосымша ақылар мен үстемеақыларды, өтемақылар мен әлеуметтік төлемдерді, сыйлықақылар мен басқа да ынталандыру төлемдерін қамтымайды және жұмыс істелген уақытқа пропорционалды түрде төленеді.

221. Жалпы ҚР бойынша айқындалатын және жыл сайын инфляцияны ескере отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейі ("Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" ҚР Заңының 17-бабының 1-тармағы) адамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті тамақ өнімдерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құндық мәндегі ең төмен жинағын білдіретін ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға арналған ең төмен ақшалай табыс болып табылады.

222. Ең төмен күнкөріс деңгейі:

- 1) ең төмен күнкөріс деңгейінің 60 %-ын құрайтын азық-түлік себетінен;
- 2) ең төмен күнкөріс деңгейінің 40 %-ы құрайтын азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелген үлесінен тұрады.

223. Қазіргі уақытта азық-түлік себеті жан басына шаққанда күніне 2 175 ккал деңгейінде энергетикалық құндылықты қамтамасыз ететін өнімдердің 43 түрінен тұрады.

224. Азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелген үлесі мемлекеттік статистика және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдардың бірлескен бұйрығымен ең төмен тұтыну себетінің құнына арақатынасымен айқындалады.

225. Бұдан басқа, азық-түлік себеті Тамақтану институтының ұсынымдарына сәйкес жасалғанын және ДДҰ/ФАО тамақтану талаптарына сай келетінін атап өткен жөн.

226. Осылайша, бүгінгі күні ҚР-да жалақының ең төмен мөлшері жұмыскердің өзінің ғана ең төмен қажеттіліктерін қанағаттандыра алады және жалпы республика бойынша қала/ауданға бөлінбестен белгіленеді.

227. ҚР-да жалақының ең төмен мөлшерін белгілеуге және төлеуге ҚР Конституциясында және Еңбек кодексінде (1-бап) кепілдік берілген, сондай-ақ Еңбек кодексінде белгіленген қалыпты жағдайларда және қалыпты жұмыс уақытының ұзақтығында еңбек нормаларын (еңбек міндеттерін) орындаған кезде қарапайым біліктілігі жоқ жұмыскерге айына берілетін ең төменгі ақшалай төлем болып табылады.

228. Осылайша, жыл сайын Республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін жалақының ең төмен мөлшеріне мемлекет кепілдік береді және жұмыс берушілер үшін сақталуы міндетті норма болып табылады.

229. 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап жалақының ең төмен мөлшері 24 459 теңге сомасында белгіленді, 2010 жылмен салыстырғанда (14 952 теңге) өсім 63,6 %-ды құрады.

20-ұсыным

230. Еңбек кодексінің 107-бабына сәйкес жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу және ынталандыру жүйесі ұжымдық шарттың, еңбек шартының талаптарында және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде айқындалады.

231. Бұл ретте еңбек, ұжымдық шарттарда, келісімдерде, жұмыс берушінің актілерінде айқындалған еңбекке ақы төлеу шарттары Еңбек кодексінде және ҚР-ның өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптармен салыстырғанда нашар бола алмайды. Осыған орай республикада жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесі тиісті нормативтік құқықтық актілерде айқындалады, бұл ретте еңбекақыны белгілеу қағидаттары барлық санаттар үшін бірыңғай болып табылады, яғни ол жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына байланысты белгіленеді.

232. Сондай-ақ Еңбек кодексінде ешкімді де өзінің еңбек құқықтарын іске асыру кезінде жынысына, жасына, дене кемістіктеріне, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүліктік, әлеуметтік және лауазымдық жағдайына, тұратын жеріне, дінге көзқарасына, саяси сеніміне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайтыны туралы норма бар.

233. Осыған орай, оның қай елдің азаматы болғанына қарамастан, бірдей лауазымды атқаратын, күрделілігі бойынша бірдей жұмысты орындайтын жұмыскерлерге еңбекақы жоғарыда аталған өлшемшарттардың негізінде төленеді.

21-ұсыным

234. 2007 жылғы 19 маусымдағы ҚР Заңымен ХЕҰ "Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы" № 167 Конвенциясы ратификацияланды.

235. Осы Конвенция құрылыс қызметінің барлық түрлерін, атап айтқанда, құрылысты, азаматтық құрылысты, құрылыс алаңындағы кез келген процестерді, операцияларды немесе тасымалдауды қоса алғанда, алаңды дайындаудан объектіні аяқтауға дейінгі монтаждау және қайта монтаждау жұмыстарын қамтиды.

236. Конвенцияның 4-бабына сәйкес осы Конвенцияны ратификациялаған ХЕҰ әрбір мүшесі еңбек қауіпсіздігі және еңбек гигиенасы үшін мүмкін қатерлерді бағалау негізінде Конвенция ережелерінің қолданылуын қамтамасыз ететін заңнаманы немесе қағидаларды қабылдауға және күшінде сақтауға тиіс.

237. Құрылыс объектісін жобалауды және құрылыс жұмыстарын жоспарлауды жүргізетін ұйымдар ұлттық заңнамаға, қағидаларға және практикаға сәйкес құрылысшы жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасын ескереді.

238. Бұдан басқа, 2014 жылы ҚР 2014 жылғы 20 қазандағы Заңымен "Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына жәрдемдесетін негіздер туралы конвенцияны ратификациялау туралы" ХЕҰ № 187 Конвенциясы ратификацияланды.

239. "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі ҚР Заңына сәйкес еңбек саласындағы уәкілетті органға мынадай нормативтік құқықтық актілерді бекіту құзыреті берілген:

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жұмыскерлерді оқытуды, оларға нұсқау беруді және білімдерін тексеруді жүргізу;

өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды жүргізу;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге арнайы киім және жеке қорғаныш құралдарын, сүт және емдік-профилактикалық тағам беру нормаларын;

ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ережені бекіту және басқалары.

240. Осы нормативтік құқықтық актілердің барлығы республиканың кәсіпорындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және өндірістік жарақаттанудың алдын алу мен оны төмендетуге бағытталған.

241. Еңбек құқықтарын бұзу тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Еңбек кодексі әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамай, бірақ тексерілетін субъектіге оны жою тәртібін міндетті түрде түсіндіре отырып, бақылау субъектісіне бару немесе қажетті ақпаратты сұрату түріндегі алдын алу-профилактикалық сипаттағы өзге де мемлекеттік бақылау нысандарымен толықтырылды.

242. ҚР ДСӘДМ-нің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 905, ҰЭМ-нің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 763 бұйрықтарымен "Бақылау субъектісіне бару критерийлерін бекіту туралы" бірлескен бұйрығына қол қойылды, оның аясында мемлекеттік еңбек инспекторлары бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын жүзеге асыратын болады.

243. Бақылау субъектісіне бару оны алдын ала хабардар етпестен және құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркелусіз жүзеге асырылатын болады.

244. Бұдан басқа, ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 148-бабында құрылыс объектілерінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы ҚР заңнамасын сақтау саласында тексеру жүргізу мерзімін, олардың техникалық жағынан күрделілігін ескере отырып, 30 күннен :

техникалық тұрғыдан күрделіге жататын объектілерді – 5 жұмыс күніне дейін ұзарта отырып 5 жұмыс күнінен аспайтын;

техникалық тұрғыдан күрделіге жатпайтын күнге объектілерді жұмыс күнінің 4 сағатынан аспайтын күнге және жұмыс күнінің 8 сағатына дейін ұзарта отырып, қысқарту көзделген.

245. Соңғы бес жылдың серпіні республика кәсіпорындарында жыл сайын екі мыңнан астам жұмыскер жарақат алатынын көрсетеді, олардың ішінен 300-ден астам адам қаза тапқан.

246. Сонымен бірге, соңғы жылдары өндірістік жарақаттанудың төмендеуінің оң серпіні байқалады.

247. Мәселен, егер 2010 жылы өндірісте 2179 адам зардап шеккен болса, 2015 жылдың қорытындысы бойынша зардап шеккендер саны 20 %-ға төмендеп, 1 723 адамды құрады, қаза тапқандар саны да 2010 жылдан 2015 жылға дейін 31,1 %-ға (365 адамнан 251 адамға дейін) төмендеген.

22-ұсыным

248. Ереуілге шығу құқығы ҚР Конституциясының 24-бабының 3-тармағымен регламенттелген, оған сәйкес ереуілге шығу құқығын қоса алғанда, заңда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады.

249. Жеке еңбек дауларын қарау тәртібі Еңбек Кодексінің 15-тарауында регламенттелген, оған сәйкес жұмыскердің даулы жағдайларды шешу үшін келісім комиссиясына өтініш білдіруді не дауды сот тәртібінде реттеуді дербес тандауға айрықша құқығы бар.

250. Келісім комиссиясы тараптардың келісімі бойынша жұмыс берушінің өкілдері мен ұйым жұмыскерлері қатарынан тең санынан тепе-тең негізінде құрылады.

251. Ұжымдық еңбек дауларын қарау тәртібі Еңбек кодексінің 16-тарауында регламенттелген.

252. Еңбек кодексінің 163-бабында келіспеушіліктерді реттеу, талаптарды орындау не оларды орындау бойынша шаралар қабылдау немесе жұмыскерлерге өз шешімдері мен ұсыныстарын жеткізу мерзімі көзделген.

253. Жалпы қолданыстағы Еңбек кодексі, оның құрылымы мен мазмұны жұмыскерлер мен жұмыс берушілер мүдделерінің теңгерімін сақтауға ықпал етеді және елде еңбек дауларын шешуді қоса алғанда, еңбек қатынастарын құру және реттеудің өркениетті тәртібін қамтамасыз етеді.

254. Бұл ретте Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау мақсатында қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

255. Атап айтқанда, "Мемлекеттік қызмет туралы" ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда ҚР заңнамасында белгіленген мемлекет немесе

жергілікті бюджеттерден не ҚР Ұлттық Банкі қаражатынан төленетін лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын ҚР азаматы.

256. Аталған Заңда мемлекеттік қызметшілерге қатысты ереуілге қатысуына шектеу қойылған.

257. Сондай-ақ "Құқық қорғау қызметі туралы" ҚР Заңында құқық қорғау органының қызметкері ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға құқылы емес.

258. Еңбек кодексінің 176-бабының 2-тармағына сәйкес теміржол көлігі, азаматтық авиация, денсаулық сақтау ұйымдарында, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарда (қоғамдық көлік, сумен, электр энергиясымен, жылумен, байланыспен қамтамасыз ету) ереуіл, жергілікті атқарушы органмен алдын ала келісім негізінде айқындалатын халыққа қажетті тиісті көрсетілетін қызметтер тізбесі мен көлемі сақталған жағдайда өткізіледі.

259. Бұл жағдайда сөз оларды айқындауға ереуілді ұйымдастырушылар тікелей қатысатын ең төменгі қызметтер туралы болып тұр.

260. Осы шектеу республиканың жергілікті ереуілдерге қатыспайтын қалған халқының конституциялық құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты және оларды ереуілдерді ұйымдастырушылар ескеруге тиіс.

261. Еңбек кодексінің 176-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қауіпті өндірістік объектілер болып табылатын ұйымдарда ереуілдер өткізуге тыйым салынады

262. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 14 сәуірдегі ҚР Заңының 70 және 71-баптарында қауіпті өндірістік объектілерге жататын объектілердің тізбесі қамтылған.

263. Аталған нормалар ХЕҰ Конвенцияларына қайшы келмейді, ХЕҰ Сарапшылар комитеті атап өткендей, қауіпті өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда ереуілдерге тыйым салу кейбір жағдайларда ұлттық заңнамамен де негізделген.

264. Ереуілге қатысу құқығы ХЕҰ № 87 Конвенциясында бекітілген қауымдастық құру құқығының ажырамас бөлігі болып табылатынына қарамастан, Сарапшылар комитеті "ереуілге шығу құқығы абсолютті бола алмайды", "жұмысты тоқтату бүкіл халықтың немесе оның бір бөлігінің өміріне, жеке қауіпсіздігіне немесе денсаулығына қауіп төндірген" кезде өмір үшін маңызды салаларда ереуілді шектеу және оған тыйым салу қажет деп атап өтеді.

265. Еңбек кодексінің 172-бабының 2-тармағына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес ереуілді жариялау туралы шешімде ереуілдің ұзақтығын көрсету қажеттілігі туралы талап алып тасталды.

266. Осы нормалар жұмыскерлердің талаптарын тиімді мәлімдеу үшін жағдайлар жасайды.

23-ұсыным

267. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Заңның 1-бабының 12) тармақшасына сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам (осы Заңға қолдануға болатын) – бұл өздеріне табыс әкелетін жұмыспен өздерін қамтамасыз ететін дара кәсіпкер, жеке негизде нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор.

268. Арнайы салық режимін қолданатын шаруа (ферма) қожалықтарына қатысты өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар деп дара кәсіпкерлер – қожалық басшысы, сондай-ақ кәмелетке толған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдан бастап шаруа (ферма) қожалығының кәмелетке толған мүшелері танылады.

269. Осылайша, қолданыстағы заңнамада өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарға қатысты міндетті әлеуметтік сақтандыру нормалары көзделген.

270. ҚР Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген ҚР 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған көрсеткіштердің бірі 2020 жылға қарай өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың 40-пайызын жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту болып табылады.

271. Осы аталған индикаторға "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін декларациялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңының жобасы (2015 жылғы 18 қарашадағы № 412-5) шеңберінде, жалпыға ортақ кірістерді декларациялауға өту, жинақтаушы зейнетақы жүйесін жетілдіру және халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне сенімін арттыру бөлігінде қол жеткізіледі.

272. ҚР-ның "Әлеуметтік қамсыздандырудың ең төмен нормалары туралы" ХЕҰ 1952 жылғы 4 маусымдағы № 102 Конвенциясына қосылуына қатысты мәселені қарастыруды ҚР заңнамасы Конвенция нормаларына сәйкес келтірілгенге дейін кейінге қалдыру шешімі қабылданды.

24-ұсыным

273. Зейнетақы жүйесін жаңғырту мақсатында 2013 жылы жаңадан "ҚР-да зейнетақымен қамсыздандыру туралы" ҚР Заңы қабылданды, оған сәйкес:

1) азаматтардың барлық зейнетақы жинақтары шоғырландырылған (2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 7,0 трлн. теңге) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) құрылды және жұмыс істеуде;

2) 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін міндетті 5 %-дық кәсіптік зейнетақы жарналары енгізілді (2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 412,0 мың шотта 116,3 млрд. теңге шоғырландырылған);

3) 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істейтін әйелдерге, олардың 1 жылға дейін бала күтімі бойынша демалыста болуы кезеңінде міндетті зейнетақы жарналарын

субсидиялау институты енгізілді (2014 жылдан бастап 2017 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде осы мақсаттарға мемлекеттік бюджеттен 13,7 млрд. теңге бөлінді)".

274. ҚР Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 841 Жарлығымен бекітілген ҚР зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында 2015 жылғы 2 тамызда "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңы қабылданды. Осы заңда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау тәртібін өзгерту көзделген.

275. 2018 жылғы 1 шілдеден бастап базалық зейнетақы тек зейнеткерлік жасқа жеткенде ғана (58-63/63) зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне қарай, тағайындалатын болады.

276. Бұл ретте зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілімен қатар, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңдері, балаларды күту, жұбайлардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған шекарадан тыс жерлерде тұрған кезеңдері және тағы басқалар қосылатын болады.

277. Егер азаматтың еңбек өтілі он жылдан және одан аз болған немесе болмаған жағдайда, онда базалық зейнетақы мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 54 %-ына тең болады. Он жылдан асатын әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 %-ға арттырыла отырып, 33 және одан көп жыл үшін базалық зейнетақы мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 100 %-ын құрайды (өтілі 20 жыл болған кезде базалық зейнетақы мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 74 %-ын, 30 жыл болғанда – ең төмен күнкөріс деңгейінің 94 %-ын құрайды).

278. Осы өзгерістер, бір жағынан, жұмыс өтілі көп бола тұра, табыстары туралы мәліметтердің болмауына байланысты төмен мөлшерін зейнетақыны алып отырған зейнеткерлерге қатысты әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге, екінші жағынан, бүгінгі жұмыскерлерді және болашақ ұрпақты еңбек қатынастарын заңдастыруға ынталандыруға мүмкіндік береді.

279. Азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыруда жұмыс берушілердің ролін күшейту мақсатында жұмыс берушілердің қосымша 5 %-дық міндетті зейнетақы жарналарын белгілеу есебінен 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жүйесінің жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышын енгізу көзделуде.

280. Бұл жарналар БЖЗҚ-да ашылған әр жұмыскердің шартты зейнетақы шотында белгіленетін болады.

281. 2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 12 802 теңгені құрайды және 2010 жылмен салыстырғанда 2,14 есе өскен (5 981 теңге). Базалық зейнетақы алушылардың саны 2010 жылдың 1 қаңтарына дейін 1 683 954 адамды, 2017 жылдың 1 маусымына дейін 2 103 806 адамды құрады, бұл 20,0 %-ға өскенін көрсетіп отыр.

282. 2017 жылғы 1 маусымға дейін ең төмен зейнетақы мөлшері 28 148 теңгені құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 2,3 есе жоғары (2010 жылы 12 344 теңге болған).

283. Жыл сайын республикалық бюджет туралы заңмен базалық және ең төменгі зейнетақы мөлшері бекітіледі, олар отбасы құрамына, табысына, жынысына және басқа да өлшемшарттарға тәуелді емес және барлығына бірдей мөлшерде төленеді. Осыған орай, ҚР адамдардың отбасы құрамы, жынысы және табысы бойынша базалық және ең төменгі зейнетақы алушылар статистикасы жүргізілмейді.

25-ұсыным

284. ҚР 2009 жылғы желтоқсанда "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Заңы қабылданды.

285. Отбасындағы төбелесқорларға қатысты қорғау нұсқамасы түріндегі және құқық бұзушының мінез-құлқына қатысты ерекше талаптар белгілеу түріндегі әкімшілік-құқықтық әсер етудің жаңа шарасы енгізілді. Сонымен бірге қорғау нұсқамаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленді.

286. Сонымен қатар, "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Заңды іске асыру барысында бірқатар проблемалық мәселелер туындады, атап айтқанда :

1) қорғау нұсқамасының қысқа мерзімділігі (10 тәулік) құқық бұзушыға тигізетін профилактикалық әсері жеткіліксіз және қолданылу мерзімі өткен соң ол ішкі істер органдарының назарынан тыс қалады;

2) кейде қорғау нұсқамасын шығару үшін құқық бұзушыларды, әсіресе шалғай орналасқан ауылдық округтерден қалалық, аудандық органдарға жеткізу мүмкіндігі бола бермейді, бұл жәбірленушілерді қорғауды қамтамасыз ету шұғыл шарасын іске асыруға кедергі келтіреді.

287. Осы жағдайларды ескере отырып, Мемлекет басшысы 2014 жылғы 18 ақпанда "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңға қол қойды.

288. Осы Заңмен учаскелік полиция инспекторына және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторына өз бетінше қорғау нұсқамасын шығару өкілеттігі берілді, бұл жәбірленушіні уақтылы қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл ретте қорғау нұсқамасының мерзімі 10 тәуліктен 30 тәулікке дейін ұлғайтылды.

289. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға осы адамның басқа тұрғын үйі болған жағдайда жәбірленушімен бірге тұрғын үйде тұруға тыйым салу түріндегі әкімшілік-құқықтық ықпал етудің жаңа шарасы енгізілді.

290. Бұдан басқа, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы үшін 2014 жылдан бастап әйелдерді

зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердің қызметкерлері шаралар кешенін жүргізуде.

291. Полиция бөлімшелерінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге көмек көрсету үшін сенім телефондары жұмыс істейді.

292. 2014 жылы сенім телефонына 10 мыңнан астам қоңырау шалынды, олар бойынша тиісті ден қою шаралары қабылданды.

293. Жалпы алғанда әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердің қызметкерлері өз қызметінде үкіметтік емес ұйымдармен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасайды.

294. Бүгінгі таңда 50-ден астам ҮЕҰ-мен және дағдарыс орталықтарымен ынтымақтастық орнатылған.

295. Есепті кезеңде осы орталықтарда зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету үшін 219 маман (психологтар, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер) тартылды.

296. Дағдарыс орталықтарында 212 сенім телефоны бар, оларға 2014 жылы 10 мыңнан астам қоңырау шалынды және 10 мыңнан астам әйел жүгінді.

297. Мәселен, 2014 жылы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерге олардың құқықтарына қысым жасалғаны жөнінде 31 мыңнан астам әйел жүгінген, оның ішінде 10 мыңнан астамы дағдарыс орталықтарына жіберіліп, оларға заңдық, психологиялық көмек көрсетілді.

298. Бұдан басқа, ПО қызметкерлері 1,5 мыңнан астам әйелді көрсетілген орталықтарға жіберген.

299. 2015 жылы мектеп полиция инспекторлары (1 918 бір.) білім беру ұйымдарына көмек көрсету мақсатында құқықтық тақырыпта 65 мыңға жуық дәріс, дөңгелек үстел және семинар өткізді.

300. Олар білім беру ұйымдарының өкілдерімен және ата-аналар комитеттерімен бірлесіп, 9 мыңнан астам рейдтік іс-шара жүргізді, олардың шеңберінде 3 мың құқық бұзушылық анықталды, тұрғылықты жері бойынша мектепшілік есепте тұрған 8 мыңға жуық жасөспірімге және 5 мыңнан астам тұрмысы қолайсыз отбасыға барды.

301. Жыл сайын "Жұмыспен қамту" акциясы өткізіледі, оның мақсаты жазғы демалыс кезінде кәмелетке толмағандар тарапынан құқық бұзушылықтардың профилактикасы, сондай-ақ профилактикалық есепте және ішкі істер органдарының тізімінде тұрған жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

302. Бұдан басқа, жыл сайынғы негізде мүдделі мемлекеттік органдардың, ҮЕҰ-ның, жұртшылықтың және бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен "Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 10 күн" акциясы өткізіледі.

303. Науқан шеңберінде полиция қызметкерлері адамдар көп жиналатын жерлерде тарататын буклеттер мен жадынама түрінде баспа өнімдері дайындады.

304. Мысалы, Ақмола облысының Көкшетау қаласында ақпараттық тақталарда тұрмыс саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасына бағытталған бейнероликтер орналастырылған.

26-ұсыным

305. ҚР-да адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі маңызды шаралар қабылдануда.

306. Осы мәселені реттейтін нормативтік актілер әзірленуде ("ҚР кейбір заңнамалық актілеріне адамды саудаға салуға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР-ның 2006 жылғы 2 наурыздағы № 131 Заңы, "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР 2010 жылғы 23 қарашадағы № 354-IV Заңы, "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы және оған қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР 2014 жылғы 4 шілдедегі № 127-V Заңы ; 2004 ж., 2006 ж., 2009 ж., 2012 ж., 2015 ж. – "ҚР Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі 2004 – 2005 , 2006 – 2008, 2009 – 2011, 2012 – 2014, 2015 – 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" ҚР Үкіметінің қаулысы (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) ; 2012 ж. – ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы).

307. Іс-шаралар жоспарын орындау үшін адам саудасы кезінде қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау өлшемшарттары және Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары әзірленді.

308. Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (ҚР Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады) өз қызметін жалғастыруда.

309. 2014 жылы оның жұмысын жетілдіру мақсатында Комиссияның жұмыс органы болып ротация негізінде екі жыл кезеңділікпен ҚР ПМ және ҚР Еңбекмині айқындалды (яғни адам саудасына қарсы күрестің екі негізгі бағыты – қылмыстық қудалау (ҚР ПМ) және адам саудасының құрбандарын оңалту (ҚР Еңбекмині) үшін жауапты мемлекеттік құрылымдар).

310. Осы санаттағы қылмыстар ауыр және аса ауыр санатқа жатқызылатынын және оларды ұйымдасқан қылмыстық топтар жасайтынын ескере отырып, Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі басқармалардың жанынан адам саудасына қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелер құрылып, жұмыс істейді, олардың құрамында жыл сайын елде (ПМ Қарағанды Академиясының Заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы күрес жөніндегі мамандарды даярлау оқу орталығында) және шетелде кәсіптік даярлықтан өтетін ең тәжірибелі полиция қызметкерлері.

311. Жыл сайын олар адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша 300-ден астам қылмыстық іс қозғайды.

312. 2015 жылы ішкі істер органдары 345 қылмыстық іс қозғады, оның ішінде: ҚК-нің 116-бабы бойынша (Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою) – 1;

ҚК-нің 125-б., 3-б., 2-т. бойынша (адамды қанау мақсатында ұрлау) – 2;

ҚК-нің 126-б., 3-б., 2-т. бойынша (адамды қанау мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру) – 2;

ҚК-нің 128-б. бойынша (адам саудасы) – 41 ҚК-тің 134 б. бойынша (кәмелетке толмағанды жезөкшелікпен айналысуға тарту) – 18;

ҚК-нің 135 б. бойынша (кәмелетке толмағандар саудасы) – 46;

ҚК-нің 308 б. бойынша (жезөкшелікпен айналысуға тарту) – 36;

ҚК-нің 309 б. бойынша (жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық) – 199.

313. 2016 жылы ішкі істер органдары адам саудасымен байланысты қылмыстар бойынша 345 қылмыстық іс қозғады, оның ішінде:

- қанау мақсатында адам ұрлағаны үшін – 4;

- қанау мақсатында заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін – 24;

- адам саудасы үшін – 24;

- кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға тартқаны үшін – 12;

- кәмелетке толмағандарды сатқаны үшін – 9;

- жезөкшелікпен айналысуға тартқаны үшін – 44;

- жеңгетайлық және притондар ұстағаны үшін – 228.

314. Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес сектор арасында орнатылған тығыз ынтымақтастықты да атап өткіміз келеді.

315. Бүгінгі таңда ҰЕҰ өкілдері республикалық және өңірлік Комиссиялардың және Кеңестердің (адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге, сатуға қарсы күрес; әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат мәселелері жөніндегі, гендерлік мәселе және отбасылық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі), ҰЕҰ консультациялық-кеңесші кеңестерінің, Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне қарсы күрес жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесінің және т.б. мүшелері болып табылады.

316. Олардың көптеген ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды, олардың аясында бірлескен профилактикалық шаралар жүргізіледі.

317. 4-қосымшада 2007-2014 жылдары адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша қозғалған қылмыстық істер саны туралы мәліметтер ұсынылған.

27-ұсыным

318. Кәмелетке толмағандардың арасында қараусыздықтың және панасыздықтың алдын алу, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсету мақсатында білім беру жүйесінде 18 Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы (КБО) жұмыс істейді, мұнда балалардың тәрбиесімен педагогтер мен психологтар айналысады. КБО-ларда ата-аналар мен балаларға БҰҰ ЮНИСЕФ Балалар қоры, ҰЕҰ

өкілдері, еріктілер консультациялық-құқықтық көмек көрсететін отбасыны қолдау қызметтерінің, қоғамдық қабылдау бөлімдерінің, сенім телефондарының жұмысы ұйымдастырылған.

319. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жыл сайын 6 мыңнан астам адам (2010 жылы – 6 237, 2011 жылы – 4 805, 2012 жылы – 5 994, 2013 жылы – 6 467, 2014 жылы – 6 299, 2015 жылы – 7 149) жасөспірім келіп түседі, олардың 5 мыңға жуығы (2010 жылы – 5 031, 2011 жылы – 4 001, 2012 жылы – 4 960, 2013 жылы – 5 254, 2014 жылы – 5 418, 2015 жылы – 6 397) қараусыздығы мен панасыздығы үшін.

320. ҚР 1993 жылы ХЕҰ-ның мүшесі бола отырып, ХЕҰ Жарғысына сәйкес олардың бірі балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне пәрменді тыйым салу болып табылатын негіз құраушы құқықтарға қатысты қағидаттарды сақтауға, оларға жәрдемдесуге және жүзеге асыруға міндеттенді.

321. Осы мақсатта Қазақстан "Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы" ХЕҰ-ның № 182 Конвенциясын ратификациялады.

322. Қазіргі уақытта Қазақстанда бала еңбегін болдырмауға жеткілікті құқықтық база және аталған мәселе бойынша заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету үшін тетіктер жасалған, сонымен қатар балаларды балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тартқаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылық көзделген.

323. 2015 жылғы 23 қарашада жоғарыда көрсетілген Конвенцияның нормаларын толықтай көрсететін жаңа Еңбек кодексі қабылданды.

324. ҚР еңбек заңнамасының негізгі қағидаттарының бірі ҚР-да мәжбүрлі еңбекке тартуға және балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу болып табылады (4-бап).

325. Балалар еңбегін пайдалануға жол бермеу мақсатында Еңбек кодексінде сол жастан бастап еңбек шартына отыруға жол берілетін жас айқындалған.

326. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығымен он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі бекітілді. Аталған тізім кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдалануға тыйым салынатын 103 жалпы кәсіп пен жұмыс түрінен, оның ішінде ауыл шаруашылығы кәсіптерінен тұрады.

327. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының "Қазақстан – 2050" стратегиясында" белгіленген тапсырмасын орындау үшін кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша заңнамалық нормалардың тиімділігін арттыру мақсатында 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған жаңа ҚР Қылмыстық кодексі шеңберінде балаларға қарсы қылмыс жасағаны үшін жазаны қатаңдату көзделген.

328. Мәселен, жұмыс берушінің он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстарға кәмелетке толмағандарды тарту бөлігінде

еңбек заңнамасын бұзғаны үшін екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл немесе екі жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

329. Бұдан басқа, Қылмыстық кодексте сексуалдық сипаттағы зорлау әрекеті, кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тартқаны және т.б. үшін өмір бойына белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруды белгілей отырып жазалау мерзімдері елеулі ұлғайтылған.

330. Сондай-ақ, 2015 жылғы 5 шілдеде қабылданған жаңа "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" ҚР Кодексі шеңберінде еңбек саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық айтарлықтай күшейтілді. Атап айтқанда, жұмыс берушінің кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған еңбек шартын жасаспай жұмысқа жіберуі – лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – сексен, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

331. Еңбекмині Балалар еңбегінің ең жаман түрлерін жою жөніндегі 2016 – 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірледі және мемлекеттік органдармен бірлесіп іске асыруда.

332. Осы жоспар шеңберінде ХЕҰ-мен бірлесіп, балалар еңбегі жөнінде кешенді ақпарат алу мақсатында зерттеулер жүргізіледі. Балалар еңбегі жөніндегі жағдайды объективті және тәуелсіз бағалау үшін Еңбекмині осы зерттеулерді жүргізу туралы ХЕҰ-ға жүгінді.

333. Сонымен қатар, балалар еңбегінің ең жаман түрлерінің профилактикасы және оларды жою бойынша жұмыс ҚР Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі 2015 – 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде іске асырылады (2015 жылғы 28 қаңтардағы № 23 ҚР Үкімет қаулысымен бекітілген).

334. Балалар еңбегінің ең жаман түрлерін жою, сондай-ақ аз қамтылған және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан кәмелетке толмағандардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу мақсатында ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму (2016 жылғы 20 наурыздағы № 160), Білім және ғылым (2015 жылғы 20 наурыздағы № 133), Ішкі істер (2015 жылғы 27 наурыздағы № 269) министрліктерінің "Каникул кезеңінде ішкі істер есебінде тұрған 14 жасқа толған аз қамтылған және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан кәмелетке толмағандарды ата-анасының біреуінің, қамқоршысының, қорғаншысының жазбаша келісімі бойынша жұмыспен қамту органдарына жүгінген жағдайда жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өзара әрекеттестігі туралы" бірлескен бұйрығы қабылданды.

335. Мемлекет кәмелетке толмағандардың еңбегіне қойылатын заңнамалық талаптарды белгілеп, олардың сақталуын бақылайды.

336. Еңбек инспекторлары тексерулер барысында 2016 жылы жұмысқа кәмелетке толмаған балаларды тарту арқылы еңбек заңнамасын бұзудың 17 фактісін анықтаған (Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қ.).

337. Мемлекеттік еңбек инспекторлары жұмыс берушілер кәмелетке толмағандармен еңбек шартын жасаспайтынын, оларды ата-анасының біреуінің, қамқоршысының, қорғаншысының немесе асырап алушысының жазбаша келісімінсіз жұмысқа тартатынын анықтады.

338. Барлық фактілер бойынша жұмыс берушілерге бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар берілді және олар әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

339. ХЕҰ қолдауымен әрбір өңірде жыл сайын 1 және 12 маусым аралығында " Балалар еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн" ұлттық ақпараттық науқаны өткізіледі.

340. "Қазақстан балалары – Нұрлы болашақ" республикалық акциясының шеңберінде 2016 жылғы 1 және 12 маусым аралығында "Балалар еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн" 11-ші ұлттық ақпараттық науқаны (ҰАН) өткізілді.

341. Ішкі істер органдарының, білім беру басқармасының өкілдерімен бірлесе отырып, ҮЕҰ қатысуымен өңірлерде шұғыл-профилактикалық іс-шаралар өткізіледі. Ағымдағы жылы бірнеше рет "Балалар түнгі қалада", "Жұмыспен қамту" шұғыл-профилактикалық іс-шаралар-акциялары өткізілді.

342. 2006 жылдан бастап республикалық деңгейде Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі жұмыс істейді, оның құрамына мемлекеттік органдардың өкілдерінен басқа Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) және үкіметтік емес ұйымдардың ("Қызыл Жарты Ай қоғамы", "Сана Сезім" әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы" АҚ, " Родник" Балалар және әйелдерге арналған әлеуметтік-психологиялық бейімдеу және сауықтыру орталығы" қоғамдық қоры, "Қазақстанның балалар қоры" қоғамдық қоры, " Интеллектуалдық еңбек әйелдері одағы" АҚ, "Қазақстанның дағдарыс орталықтары одағы" заңды тұлғалар бірлестігі") өкілдері кірді.

343. Балалар еңбегінің ең жаман түрлерін жою бойынша жұмыстағы елеулі нәтиже Қазақстанда темекі өсіруді балалар еңбегі пайдаланыла отырып, өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдары тізімінен алып тастау болып табылады (ақпарат көзі: АҚШ-тың Еңбек жөніндегі мемлекеттік департаментінің есебі).

344. ҚР-да ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге әсер етуші экономикалық тетіктерді қолдана отырып, балалар еңбегінің ең жаман түрлерін барынша азайту тәжірибесі бар. Мәселен, "Филип Моррис Қазақстан" компаниясы фермерлермен (шаруа қожалықтарымен) жасаған келісімшарттарында Алматы облысының темекі плантацияларында балалар және мәжбүрлі еңбекке жол бермеу шарттарын көздеген.

345. Оңтүстік Қазақстан облысында да балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне қарсы күрес бойынша ұқсас тетікті қолдану жұмысы жүргізілуде. Бүгінгі таңда Оңтүстік

Қазақстан облысында 8 ауданның (Мақтаарал, Сарыағаш, Қызылқұм, Отырар, Ордабасы, Бәйдібек, Кентау, Арыс) Білім бөлімдері, Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдері, Оңтүстік Қазақстан облысы Балалар құқықтарын қорғау басқармасы, аумақтық кәсіподақтар, ОҚО өңірлік кәсіпкерлер палатасы арасында Еңбекті заңсыз пайдалану фактілерін жою бойынша ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл туралы меморандум жасалды.

346. Қазақстанда көшеде өмір сүретін балалар жоқ. Елімізде халықаралық стандарттарға сай институционалдық және заңнамалық деңгейде бала құқықтарын қорғаудың ұлттық моделі қалыптастырылды.

347. Ұлттық заңнамаға сәйкес мемлекет әлеуметтік және экономикалық шаралар жүйесі арқылы баланың толыққанды физикалық, психикалық, адамгершілікте және рухани дамуы үшін қажетті жағдай жасайды.

348. Әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге негіз қалаушы құқығы іске асырылуда.

349. Балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган бала құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады.

350. ҚР Конституциясының 30-бабы ел азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік береді, бұл ретте орта білім міндетті болып табылады.

351. Елімізде балаларды білім беру деңгейлерімен қамтуды көздейтін, ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді.

352. Мектепке дейінгі ұйымдардың 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамтуы 2016 жылы 85,8 %-ды құрады.

353. 7449 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беру мектептерінде 2 899 924 бала оқыды. ЖАО деректеріне сәйкес орта біліммен қамту 2016 жылы 99,8%-ды құрады. "Жалпыға бірдей оқыту" іс-шаралары аясында мектепке бармайтын балалар анықталып, оларды мектепке қайтару жөнінде шаралар қабылдануда.

354. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың ерте алдын алу мақсатында, сондай-ақ жасөспірімдер қылмыстары жағдайына атаулы ықпал ету мақсатында, республикада "Жасөспірім", "Түлектер кеші", "Каникулдар" шұғыл-алдын алу іс-шаралары және "Балалар түнгі қалада", "Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік", "Жұмыспен қамту", "Мен және менің полицейім" акциялары өткізіледі.

355. Қазақстанда шартты сотталған кәмелетке толмағандармен жұмысты пробация қызметтері жүргізеді.

356. ҚР ІІМ мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекеттестікте, "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" ҚР Заңға сәйкес балалардың қараусыздығы және панасыздығының

профилактикасы және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алудың түрлі бағыттары бойынша іс-шаралар кешенін өткізеді.

357. Құқық бұзушылықтардың профилактикасымен мемлекеттік, (ҚР ИМ, ҚР БҒМ, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар), сол сияқты қоғамдық органдар да (ҮЕҰ, ата-аналар қауымдастығы) айналысады.

358. Мінез-құлқы девиантты кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-психологиялық оналту үшін 7 арнайы білім беру ұйымы және 1 ерекше режим ұстаудың бар білім беру ұйымы жұмыс істейді.

28-ұсыным

359. ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша әлеуметтік саясатты жетілдіру (2009-2011 жылдары зейнетақылар мен жәрдемақыларды жыл сайын көтеру, бюджеттік сала қызметкерлеріне жалақыларын, стипендияларды және т.б. көтеру) бойынша қабылданған шаралардың нәтижесінде, сондай-ақ экономикалық өсім нәтижесінде республикада соңғы жылдары табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аз халық үлесінің 2010 жылғы 6,5%-дан 2015 жылы 2,7%-ға дейін немесе іс жүзінде 2,5 есеге төмендеуінің оң динамикасы байқалуда.

360. Ұлттық экономика көрсеткіштерінің өсуі аясында халықтың орташа жан басына шаққандағы номиналды ақшалай табысының өсуі байқалады, мәселен, соңғы алты жылда халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табысы 2010 жылғы 38 779 теңгеден 2015 жылы 67 112 теңгеге дейін 1,7 есеге өскен.

361. Табыс деңгейі бойынша қоғамның жіктелу процестері мен халықтың экономикалық теңсіздігінің шамасы ең көп және ең аз қамтылған халық топтары табысының арақатынасын сипаттайтын арнайы саралау коэффициенттерінің көмегімен айқындалады. Солардың бірі 10% ең көп қамтылған халық пен 10% ең аз қамтылған халық табысының арақатынасын көрсететін қорлар коэффициенті болып табылады, ол 2001 – 2015 жылдар аралығында 1,6 есеге қысқарып, 5,6-ны құрады.

362. Кедей халықтың неғұрлым нақты сипаттамасын алу үшін, сондай-ақ кедейліктің тереңдігі мен өткірлігі көрсеткіштері пайдаланылады. Кедейліктің тереңдігі 2001 жылдан 2015 жылға дейін тиісінше 14,8%-дан 0,3%-ға дейін (49 есеге), кедейліктің өткірлігі 6,5%-дан 0,1%-ға дейін (65 есеге) төмендеген.

363. Табыс тобының децильдік (10%) интервалымен Джини индексінің мәні 1,3 есеге: 2001 жылғы 0,366-дан 2015 жылы 0,278-ге дейін қысқарды, бұл елеулі теңсіздікті, яғни қалыпты теңсіздікті сипаттайды.

364. Осылайша, ҚР әлеуметтік дамуын сипаттайтын негізгі макрокөрсеткіштер абсолюттік және салыстырмалы мәнде ұлғаю динамикасын көрсетеді.

365. Жоғарыда аталған көрсеткіштер кедейліктің ауқымын қысқарту мақсатында ҚР қабылдайтын шаралардың тікелей нәтижесін көрсетеді. Мәселен, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" (2002 жыл) ҚР Заңының қабылдануымен Заң іске асырылған он жылда атаулы әлеуметтік көмек алатындардың саны 41 есе, оны көрсету шығыстары

10,9 есе қысқарған (2016 жылы атаулы әлеуметтік көмек алатындардың саны 28,8 мың адамды, бұл ретте шығыстар 842,3 млн теңгені құрады).

366. "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" ҚР Заңы енгізілген кезден бері 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы алушылардың саны 1,3 есе азайған. 2016 жылы барлығы 11,3 млрд. теңгеден астам сомаға 576,1 мың бала жәрдемақының осы түрімен қамтылды.

367. Аз қамтылған азаматтарға пассивті шаралармен қатар, 2014 жылдан бастап әлеуметтік көмек көрсетудің шекті деңгейі ең төмен күнкөріс деңгейінен 60 % болған кезде жұмыспен қамтудың белсенді шараларына міндетті түрде қатысуға әлеуметтік келісімшарт жасаған адамдар үшін шартты ақшалай төлемдерді енгізу бойынша, Дүниежүзілік банкпен бірлескен "Өрлеу" жобасы шеңберінде табысты іске асырылып жатқан, оларды еңбек қызметіне тартуға жағдайлар жасау жөніндегі белсенді ынталандыру шаралары қолданылады.

368. Әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдері Ақмола, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында сынақтан өтуде, сонымен қатар 2015 жылғы 1 шілдеден бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тағы 38 пилоттық аудан енгізілді. 2016 жылдан бастап АӘК көрсету бойынша жаңа тәсілдерді енгізу пилоттық режимде барлық өңірлерде іске асырылуда.

369. 2016 жылы 38,8 мың адамға жалпы сомасы 1,4 млрд. теңгеге негізделген ақшалай көмек тағайындалды. Нәтижесінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына 8,7 мың адам немесе "Өрлеу" жобасының жалпы қатысушылары санының 90,5 %-ы тартылды, пилоттық жобаға қатысушылардың жан басына шаққандағы орташа айлық табысы жобаға қатысқанға дейінгі кезден бастап 2 еседен аса өсті.

370. 5-қосымшада кірістердегі теңсіздік туралы 2010 – 2015 жылдарға статистикалық ақпарат берілген.

29-ұсыным

371. "Тұрғын үй қатынастары туралы" ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 15-бабына сәйкес жер учаскелерінің мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуына байланысты тұрғын үй бұзылған жағдайда меншік иесіне оның тұрғын үйі бұзылғанға дейін өз таңдауы бойынша меншігіне жайлы тұрғын үй беріледі немесе тұрғын үйдің нарықтық құны мөлшерінде өтемақы төленеді.

372. Егер берілетін тұрғын үйдің құны бұзылатын тұрғын үйдің құнынан артық болса, олардың құнындағы айырма меншік иесінен алынбайды. Егер бұзылатын тұрғын үйдің құны берілетін тұрғын үйдің құнынан артық болса, олардың құнындағы айырма меншік иесіне өтеледі.

373. Заңның 106-бабының 4-тармағына сәйкес бұзылатын үйде кемінде 15 жыл тұратын азаматтарға олардың қалауы бойынша басқа жайлы тұрғын үй бұзылған

құрылыстың орнына немесе соған жақын жерден салынған тұрғын үйлерден беріледі. Бұл азаматтар осындай тұрғын үй берілгенге дейін осы баптың 5-тармағының талаптарына сәйкес келетін уақытша тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

374. Аталған Заңның 106-бабының 5-тармағына сәйкес тұру үшін жарамды тұрғынжай осы елді мекен шегінде болуға әрі санитариялық-эпидемиологиялық және техникалық талаптарға сай келуге тиіс.

375. Заңның 116-бабына сәйкес жер учаскесінің мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуына байланысты тұрғын үйлерді бұзған жағдайда тұрғын үйді бұзушы құрылыс салушылар мен меншік иелерінің (жалдаушылардың) арасында бұзылған тұрғын үй-жайлардың орнына бұрынғы меншік иелеріне (жалдаушыларға) нақ сол немесе басқа жер учаскесіндегі жаңадан салынған тұрғын үйлерден меншігіне (жалға) тұрғын үй беру туралы шарт жасалуы мүмкін.

376. Бұл жағдайда құрылыс салушы меншік иесіне (жалдаушыға) Заңның 75-бабы 1-тармағының талаптарына сай келетін тұрмысқа жайлы тұрғын үй беруге міндетті, ал бұзылуға тиісті тұрғын үй иелері (жалдаушылар) өздері орналасқан үй-жайларды шартта көрсетілген мерзімде босатуға міндетті. Тараптардың келісімі бойынша шартта тұрмысқа жайлы тұрғын үй берудің өзге де жағдайлары мен мерзімдері, мүмкін болатын өтемақы сомасы, тұрғын үйдің көлемі, қабаты, бөлмелер саны, отбасының құрамы және басқа тараптардың мүддесін қозғайтын жағдайлар көрсетіледі.

377. Тұрғын үй тиісінше меншікке немесе пайдалануға берілуі мүмкін. Тұрмысқа жайлы тұрғынжай берілгенге дейін көшірілуге тиісті азаматтар осы елді мекенде орналасқан әрі санитариялық-эпидемиологиялық және техникалық талаптарға сай келетін уақытша тұрғынжайларға (олардың келісімімен) орналастырылады. Уақытша тұрғынжайға ақы төлеу жөніндегі шығыстар құрылыс салушыға жүктеледі. Егер тұрмысқа жайлы тұрғын үй шартта көрсетілген мерзімде берілмесе, құрылыс салушы соттың шешімі бойынша өз қаражаты есебінен тұрған үйінен айрылған меншік иесіне (жалға алушыға) шарттың ережелерінде көзделген талаптарға сәйкес басқа тұрғын үй сатып алуға, сондай-ақ шарттық міндеттемелердің бұзылуы салдарынан келтірілген залалды өтеуге міндетті болады.

378. Заңның 119-1-бабына сәйкес ҚР астанасында мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығарған кезде иеліктен шығарылатын жер учаскесінде орналасқан тұрғын үйдің меншік иесінің таңдауы бойынша тұрғын үйдің нарықтық құны мөлшерінде өтем төленеді не меншігіне тұрмысқа жайлы тұрғын үй (пәтер немесе үй) беріледі, егер азаматтарға Заңда өзге де жеңілдікті нормаларға кепілдік берілмеген болса, оның пайдалы алаңы мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын тұрғын үйдің (пәтердің немесе үйдің) пайдалы алаңынан аспауға тиіс.

379. Шарттық міндеттемелерге орай нақ сол немесе басқа жер учаскесінде бұзылған тұрғынжайлардың орнына жаңадан салынған тұрғын үйлерден бұрынғы меншік

иелерінің (жалға алушылардың) меншігіне (жалға) басқа тұрғын үй беру құрылыс салушының келісімімен ғана жүзеге асырылады.

380. Заңның 8-бабына сәйкес азаматтарды және заңды тұлғаларды олардың тұратын тұрғын үй-жайларынан тек заңда белгіленген негіздемелер бойынша, сот тәртібімен ғана шығаруға болады.

381. Біріккен Ұлттар Ұйымының жеткілікті дәрежедегі тұрмыс деңгейі құқығының компоненті ретінде жеткілікті тұрғын үй туралы, сондай-ақ кемсітпеушілік құқығы туралы мәселе бойынша арнайы баяндамашысы Р. Рольниктің ҚР-ға сапарының (2010 ж.) қорытындысы бойынша ұсынымдар, оның ішінде мәжбүрлеп көшіруден қорғауды қамтамасыз ететін Заңды әзірлеу жөнінде ұсынымдар берілді.

382. "Тұрғын үй қатынастары туралы" ҚР Заңына халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтарды ҚР-дың аумағындағы жалғыз тұрғынжайына меншік құқығы мәжбүрлеп тоқтатылған кезде жылыту маусымында тұрғынжайдан шығаруға тыйым салуға қатысты өзгерістер енгізілді (2014 жылғы 29 желтоқсан).

30, 31-ұсынымдар

383. Бүгінгі таңда ҚР азаматтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жергілікті атқарушы органдар жолдаған жеке меншік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу мүмкіндігі беріледі.

384. Қолжетімді баспана бағдарламасын іске асыру кезеңінде (2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылға дейін Өңірлерді дамыту бағдарламасы) жергілікті атқарушы органдардың кезегінде тұрғандар үшін жалдамалы тұрғын үйлердің құрылысына облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен 91,6 млрд. теңге сомасында нысаналы трансферттер бөлінді, оның ішінде: 2010 жылы – 10,8 млрд. теңге, 2011 жылы – 10,9 млрд. теңге, 2012 жылы – 19,6 млрд. теңге; 2013 жылы – 17,5 млрд. теңге; 2014 жылы – 18,9 млрд. теңге; 2015 жылы – 9,8 млрд. теңге; 2016 жылы – 4,1 млрд. теңге бөлінді.

385. Ауданы 1 136,8 мың ш. метр пәтерлер пайдалануға берілді, оның ішінде: 2010 жылы – 150,0 мың ш. метр (2 478 пәтер), 2011 жылы – 120,5 мың ш. метр (2006 пәтер), 2012 жылы – 151,5 мың ш. метр (2 617 пәтер); 2013 жылы – 250,6 мың ш. метр (4 246 пәтер); 2014 жылы – 210,7 мың ш. метр (3 781 пәтер), 2015 жылы – 150,2 мың ш. метр (2 457 пәтер), 2016 жылы – 103,2 мың ш. метр (1 796 пәтер) берілді.

386. Мәселен, "Тұрғын үй қатынастары туралы" ҚР Заңының 68-бабына сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй ҚР тұрғын үйге мұқтаж, осы елді мекенде тұрақты тұратын азаматтарына беріледі. ҚР азаматтарын республикалық маңызы бар қалаларда, астанада есепке қою үшін кемінде үш жыл тұрақты тұруы талап етіледі. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлар тұрғын үйге мұқтаж және есепте тұрған:

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына;

жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

осы Заңның 68-бабының 1-1) – 5), 7) – 11) тармақшаларында аталған, тұрғын үй беру туралы өтініш жасаудың алдында соңғы он екі ай ішінде жиынтық орташа айлық табысы отбасының әрбір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын. Ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшеріндегі коэффициент мүгедек балаларға қолданылмайды;

мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға;

жалғыз тұрғын үйі ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған адамдарға жататын ҚР азаматтарына пайдалануға беріледі.

387. Осыған байланысты азамат жоғарыда көрсетілген санатқа сәйкес келген жағдайда тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж ретінде кезекке тұра алады.

388. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының, сондай-ақ жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды бірінші кезекте алуға құқығы бар екенін атап өткен жөн.

389. Халықты сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету мақсатында 2011 жылы "Ақбұлақ" бағдарламасы қабылданды. 2020 жылға дейін орталықтандырылған қызметтерге қолжетімдікті қамтамасыз ету жоспарлануда, атап айтқанда:

2011 жылы қалаларда сумен жабдықтау бойынша 82%, ауылдық елді мекендерде – 42,5%;

2012 жылы қалаларда сумен жабдықтау бойынша 84%, ауылдық елді мекендерде – 43%;

2013 жылы қалаларда сумен жабдықтау бойынша 85%, ауылдық елді мекендерде – 47,7%;

2014 жылы қалаларда сумен жабдықтау бойынша 86%, ауылдық елді мекендерде – 50,3%;

2015 жылы қалаларда сумен жабдықтау бойынша 87%, ауылдық елді мекендерде – 51,5%;

2016 жылы қалаларда сумен жабдықтау бойынша 88%, ауылдық елді мекендерде – 52,3%;

2017 жылы қалаларда сумен жабдықтау бойынша 90%, ауылдық елді мекендерде – 55%;

2018 жылы қалаларда сумен жабдықтау бойынша 93%, ауылдық елді мекендерде – 58%;

2019 жылғы қалаларда сумен жабдықтау бойынша 97%, ауылдық елді мекендерде – 62%.

Орындалған іс-шаралар нәтижесінде орталықтандырылған қызметтерге қолжетімділік:

2011 жылы қалаларда суды бұру бойынша 73%, ауылдарда – 8,8%;

2012 жылы қалаларда суды бұру бойынша 75%, ауылдарда – 9%;

2013 жылы қалаларда суды бұру бойынша 78%, ауылдарда – 10%;

2014 жылы қалаларда суды бұру бойынша 81%, ауылдарда – 11%;

2015 жылы қалаларда суды бұру бойынша 82%, ауылдарда – 11%;

2016 жылы қалаларда суды бұру бойынша 84%, ауылдарда – 11,2%;

390. Нәтижесінде 2011 жылмен салыстырғанда орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділік қалалар бойынша 82 %-дан 87 %-ға дейін, ауылдық елді мекендер бойынша 42,5 %-дан 51,5 %-ға дейін өскен. 2015 жылғы жоспарлы индикаторларға (қалалар - 87 %, ауылдар – 51,5%) қол жеткізілді. Бұл ретте орталықтандырылған сумен жабдықтаумен 2,0 млн. адам қамтылған. Сумен жабдықтаудың орталықсыздандырылған көздерін 1,7 млн. адам немесе 21,7 %-ы пайдаланады. 6 721 ауылдық елді мекен ішінде 3 469-ының немесе 51,5 %-ының орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізе алады.

391. Соңғы жылдары Адам құқықтары жөніндегі уәкіл осы мәселенің маңыздылығын назарға ала отырып, ипотекалық қарыз ресімдеген төлеуге қабілетсіз қарыз алушылардың проблемаларына ерекше көңіл бөліп келеді. Мәселен, Омбудсмен ҚР Премьер-Министрі Бірінші орынбасарының, Ұлттық банк төрағасының атына жеткілікті тұрғын үй құқығын қамтамасыз ету мәселесі жөнінде жүгінді, өтініште қарыз алушылардың ипотекалық қарыздарын уақтылы төлей алмауынан жалғыз тұрғын үйінен мәжбүрлі шығаруға байланысты шағымдар санының артуы, сондай-ақ коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді күту уақытының ұзақтығы туралы хабарланды.

392. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өмірлік қиын жағдайда қалған және банк қарыздарын уақтылы төлеу мүмкіндігі жоқ азаматтардың шағымдарын барлық мән-жайларды ескеріп, өтеудің тиімді шарттарын ұсынумен бірге қарызды қайта құрылымдауды не халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қолдаудың басқа түрлерін қолдану арқылы жеке тәртіпте қараудың орындылығына назар аударды. Бұл ретте адамдардың, оның ішінде осал топтардың жеткілікті өмір деңгейіне негізгі құқықтарын бұзуға жол берілмейді.

393. Бұдан басқа, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл тиісті мемлекеттік органдарға мәжбүрлі шығару саласындағы ҚР заңнамасын жетілдіру мәселесі бойынша заң жобасын әзірлеуге қатысты ұсыныстар жіберді.

394. 2014 жылғы 1-жартыжылдықта Ұлттық банк банктердің жедел қызметіне араласпау туралы нормаларды ескере отырып, шығару және банк қарыз алушыларының

кепілге қойылған тұрғын үйін сату бойынша рәсімдерді тоқтата тұру, кепілге қойылған тұрғын үйлерді сату арқылы қарызды өндіріп алу үшін сот орындаушыларына берілген атқару парақтарын қайтарып алу туралы банктерге ұсынымдар жіберді.

395. Қарыз алушылардың өтінімдері бойынша апта сайын проблемалы қарыз алушылардың банк өкілдерімен қарыздарды қайта құрылымдаудың өзара тиімді шарттарын әзірлеу бойынша кездесулері өткізіледі. Конструктивті диалог кезінде банктер (қарыз алушылар ай сайын өтеудің ықтимал ең төмен сомасын растаған жағдайда) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататындарға қарыздарды өтеудің жеңілдікті шарттарын ұсынады. Әрбір жағдай екінші деңгейдегі банктерге қарыз алушылар барлық растаушы құжаттарды ұсына отырып жүгінген кезде жеке қаралады.

396. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған азаматтардың оның барлық негізгі бағыттары бойынша тұрғын үй алуға басымды құқығы бар. "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ипотекалық ұйымы" акционерлік қоғамының желісі бойынша жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй көлемін - 100 %, тұрғын үй құрылысы жинақтары арқылы 50 % және " Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры арқылы 100 % іске асыру көзделіп отыр. Енгізілген өзгерістер жергілікті атқарушы органдарда туындаған тұрғын үйге кезектілікті азайту мақсатында тұрғын үйді сату тетігін жетілдіруге бағытталған.

397. Сонымен қатар, ҚР 2000 жылдан бастап халық үшін ипотекалық кредит беруге балама қарыз қаражатының қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үй жинақтары жүйесін енгізді, оның артықшылығы қажетті сомадағы тұрғын үй қарызын 3,5 %-дан 5 %-ға дейінгі жылдық тиімді мөлшерлеме бойынша теңгемен алу (жылдық тиімді мөлшерлеме 4-тен 6,2 %-ға дейін) болып табылады.

398. Тұрғын үй жинақтары жүйесін тарту арқылы тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру азаматтарды жинақтаушы жүйеге бағыттады және қазіргі уақытта аталған жүйеде 600 мыңнан астам шарт тіркелген.

32-ұсыным

399. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексінде психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша нормалар регламенттелген, олар аталған контингентке көмек көрсету саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келеді.

400. Кодексте адамның психиатриялық көмек көрсету кезінде еріктілігіне, диагностика мен емдеуге, медициналық-әлеуметтік оңалтуға, сондай-ақ

мамандандырылған көмек көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына құқықтары, бастапқы куәландыру, оның ішінде пациенттің келісімінсіз мәжбүрлеп куәландыру тәртібі (сот шешімі бойынша) бекітілген.

401. Сондай-ақ 2013 жылдан бастап бері азаптаулардың және қатыгездікпен, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлай қараудың және жазалаудың басқа да түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде әрекет ететін, ұлттық алдын алу тетігінің бостандығы шектеулі адамдар орналасқан, оның ішінде психиатриялық ұйымдарға жоспарлы түрде бару құқығы көзделген қатысушыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін Ұлттық алдын алу тетігі қағидаты іске асырылуда.

402. Статистикалық деректер 6-қосымшада берілген.

33-ұсыным

403. Репродуктивтік денсаулықты қорғау Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, ҚР-ның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары, "Қазақстан-2050" стратегиясы, сонда-ақ ҚР-ның денсаулық сақтауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы сияқты бағдарламалық құжаттарда көрсетілген.

404. Республикада ерте жүкті болудың профилактикасы үшін сексуалдық білім беру, ұйымдасқан ұжымдарда (орта және жоғары оқу орындарында) қыздар мен жігіттерді гигиеналық оқыту және жыныстық тәрбиелеу, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, ЖИТС, АИТВ және т. б. бойынша оқу курсы және оқу құралын, әдістемелік ұсынымдарды қамтитын ДДҰ ұсынымдарының негізінде жасөспірімдерді және жастарды оқыту және тәрбиелеу бағдарламалары көзделген ҚР ДСМ "ҚР азаматтарының репродуктивтік денсаулығын нығайту жөніндегі жол картасын" әзірледі.

405. 2015 жылы республика бойынша 81 440 түсік жасату тіркелді, оның ішінде 15 жасқа дейінгі жасөспірім қыздар арасында – 27 (0,04 %), 15-тен 18 жасқа дейінгі қыздар арасында – 1069 (1,3 %). 2010 жылмен салыстырғанда (барлық түсік жасату – 106 074, оның ішінде 15 жасқа дейінгі жасөспірім қыздар арасында – 56 -0,05 %, 15-тен 18 жасқа дейінгі – 3 256 – 3 %) жасөспірім қыздарда осыған дейін түсік жасату саны 3 есе төмендеген.

406. Қазіргі заманғы қоғамдағы отбасының маңыздылығы, репродуктивтік денсаулық, отбасын жоспарлау туралы халықтың хабардарлығын арттыру, түсіктердің профилактикасы, қоғамның назарын отбасы, оның ішінде жас және толық емес отбасылар проблемаларына аудару мақсатында МСАК деңгейінде Отбасы денсаулығы орталықтары, жастарға достық клиникалары, Жастар денсаулық орталықтары (бұдан әрі – ЖДО) және денсаулықты нығайту орталықтары құрылды. 2016 жылы елімізде 97 ЖДО және 478 отбасын жоспарлау кабинеті жұмыс істеді.

407. 2011 жылдан бастап МСАК ұйымдарының штаттық нормативтеріне отбасылармен жұмыс істейтін, оларға консультация беретін, жан-жақты көмек

көрсетуге мүдделі органдарды тарта отырып, өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларды анықтайтын әлеуметтік қызметкерлер мен психологтардың лауазымдары енгізілді. Қазіргі уақытта 2000-нан астам әлеуметтік қызметкер және 1000 психолог бар.

408. Өз-өзіне және өзара көмек тренингтерін өткізу арқылы қолдау топтары құрылды. Жастар мен жасөспірімдердің көкейкесті проблемаларын шешуге бағытталған "Жедел байланыс" телефоны жұмыс істейді (150 телефоны).

409. Халықтың репродуктивті денсаулықты қорғау мәселесі бойынша хабардарлығын арттыру мақсатында ақпараттық материалдар шығарылады және үкіметтік емес ұйымдар арқылы әлеуметтік жобалар іске асырылады, 2015 жылдан бері "Халыққа, медицина қызметкерлеріне консультация беру және оқыту арқылы репродуктивті денсаулықты қорғау, отбасын жоспарлау, жүктілікке дайындалу және сау балаларды дүниеге әкелу" әлеуметтік жобасын іске асыру жалғасуда.

410. БҰҰ ҚР-дағы халықтың қоныстануы саласындағы қорының елдік офисі (ЮНФПА) "Валеология" пәніне сексуалдық және репродуктивтік денсаулықты қорғау бойынша күшейтілген компоненттерді енгізу бойынша колледж және мектеп оқытушыларына арналған әдістемелік құрал әзірледі.

411. Сонымен қатар, ҚР-да балалар және босандыру қызметінің интеграциялаған моделін енгізу және жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ҚР ДСМ 2016 – 2020 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде ЮНФПА-мен бірге жасөспірімдер мен жастардың осал топтарын, сондай-ақ жүктілікке көрсеткіштері абсолютті түрде қарсы және әлеуметтік тәуекелі жоғары әйелдерді заманауи контрацептивтік заттармен тегін қамтамасыз ете отырып, отбасын жоспарлау қызметін жетілдіру және жастар орталығының тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар көзделген. Осы бағытта ҚР ДСМ-нің халықаралық ұйымдардың қолдауымен жергілікті басқарушы органдармен бірлескен жұмысы жалғастырылатын болады.

34-ұсыным

412. Еліміздегі нашақорлық жағдайына әсер ететін негізгі факторлар мынадай: ауған героинінің трафигі; өз өсімдіктерден алынатын есірткі түрінде шығатын шикізаты базасының болуы; синтетикалық есірткі мен жаңа психикалық белсенді заттардың таралу қаупі болып табылады.

413. Бұл ретте ауған есірткітрафигінің өзгеруі аясында "Солтүстік бағыт" бойынша есірткі транзитінің айтарлықтай қысқарғаны байқалуда.

414. Есірткіге байланысты құқық бұзушылықтарды тұрақты анықтау және заңсыз айналымнан есірткі бұйымдарын алу жағдайында есірткіге тәуелді адамдар саны азаюының тұрақты үрдісі байқалады.

415. Аталған үрдістер нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылды ұйымдастыруда еліміздің құзыретті органдары қызметінің негізгі бағыттары үшін айқындаушы болып табылады (ІО жедел-қызметтік жұмысының Астана, Алматы

қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД бөлінісінде 2010 – 2015 жылдардағы нәтижесі туралы мәліметтер 7-қосымшада).

416. 2008 жылғы қазанда ҚР-да ЖИТС-ке, туберкулезге және безгекке қарсы күрес жөніндегі жаһандық қордың қолдауымен опиоидтық наркотиктерге тәуелді адамдарға қолдауды алмастыру терапиясын (ҚАТ) ұсыну бойынша пилоттық жобаны енгізу басталды. ҚАТ пилоттық жобасын Павлодар және Теміртау қалаларында наркология ұйымдарының базасында іске асыру басталды, 2012 жылдан бері ҚАТ бағдарламасы Ақтөбе, Тараз, Қостанай, Орал, Екібастұз, Семей, Қарағанды, Өскемен қалаларында енгізілуде.

417. Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері 2012 жылдан бастап пациенттердің жалпы саны – 910 адам (ерлер – 738, әйелдер – 172). 2016 жылғы жағдай бойынша ҚАТ алатын барлық пациенттердің саны 307 адам (ерлер – 244, әйелдер – 63), бұл диспансерлік есепте тұрған инъекциялық есірткілерді тұтынушылардың 1,6 %-ын құрайды.

35-ұсыным

418. Бұрын қабылданған бағдарламалық құжаттарды, оның ішінде ҚР Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген ҚР-ның " жасыл экономикаға" көшу жөніндегі тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) іске асыру жалғасып жатыр.

419. Су ресурстарын орнықты пайдалану, орнықты және өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығын дамыту, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, электр энергетикасын дамыту, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және ауаның ластануын төмендету, көлік құралдарын отынның экологиялық таза түрлеріне көшіру және тиісті инфрақұрылым құру, ЖЭС шығарындыларын тазартуды енгізу, өндіріс пен тұрмыстағы ең жаңа технологиялар негізінде электр энергиясын жаппай үнемдеу, сондай-ақ отандық ғылымға мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі шаралар көзделген іс-шаралар жоспары бойынша жұмыс жүргізілуде.

420. ҚР Президенттің 2014 жылғы 26 мамырдағы Жарлығымен ҚР Президенті жанынан "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі кеңес құрылды.

421. ТҚҚ бойынша проблеманы шешу үшін Үкімет "Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014 – 2050 жылдарға арналған бағдарламасын" қабылдады. Бағдарлама тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін жетілдіруге, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, өңдеу және көму жөнінде көрсетілетін қызметтер кешенінің тиімділігін, сенімділігін, экологиялық және әлеуметтік қолайлылығын жоғарылатуға, заманауи технологиялар мен басқару әдістерінің негізінде ТҚҚ секторын жаңғыртуға, сондай-ақ ҚР экология заңнамасының талаптарын бұлжытпай орындау жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған.

422. Бағдарлама ҚР азаматтарының өмір сүру жағдайлары мен сапасын жақсартуға айтарлықтай ықпал ететін болады. Қоршаған ортаны қорғау секторындағы басым міндеттердің бірі экологиялық заңнамаға қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу және анықтау бойынша мемлекеттік экологиялық бақылаудың тиімділігін арттыру болып табылады.

423. Мемлекет пен халықты гидрометеорологиялық және экологиялық ақпаратпен қамтамасыз ету сапасын арттыру мақсатында гидрометеорологиялық желілерді қосымша жабдықтау жоспарланған.

424. Заңнама базасы негізінде ұлттық деңгейде нарықтық тетік дамытылуда – парниктік газ шығындыларын квоталау, мониторингілеу және есебін жүргізу арқылы оларды реттеу.

425. Қазақстан БҰҰ-ның Климатты өзгерту жөніндегі негіздемелік конвенциясы бойынша келіссөздер процесіне белсенді атсалысуда және жаңа келісімді әзірлеуге қатысуда.

426. ҚР-ның денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде экологияның әсерінен болатын аурулардың алдын алу бойынша жұмыс күшейтілді. Сәулеленудің әсеріне ұшыраған халықтың сандық және жас-жыныстық құрамын қалыптастыру, денсаулық жағдайын бағалау, радиациялық-гигиеналық мониторинг жүргізу негізінде патологиялық жағдайларды анықтау және ранжирлеу бойынша іс-шаралар жүргізілді. СИЯП (ГНАМР) қызметінің нәтижесінде йондаушы сәулеленудің әсеріне ұшыраған ҚР халқының мемлекеттік ғылыми автоматтандырылған тіркелімі жасалды.

427. Сәулеленуге ұшыраған халық үшін медициналық салдарын бағалау мақсатында Семей қаласында Радиациялық медицина және экология жөніндегі ғылыми-зерттеу институты (бұдан әрі – РМЭҒЗИ) ұйымдастырылды.

428. Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының ең көп зардап шеккен аудандары ауылдарының тұрғындарына скринингтік тексеру жүргізіледі. Скрининг нәтижелері бойынша РМЭҒЗИ оңалту бөлімшесінде одан әрі терең зерттеу және емдеу үшін қатер топтары қалыптастырылады.

429. Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарға "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы ҚР Заңымен мыналарға:

1) бір тұрғынға есептегенде медициналық мекемелерді күтіп-ұстауға арналған қаражат нормаларын ұлғайтуға;

2) медициналық техниканы, дәрілік заттарды мақсатты бөлуді қамтамасыз етуге;

3) өңірдің барлық тұрғындарының мерзімдік кешенді медициналық тексеруден өтуіне, республиканың барлық клиникаларында, медициналық орталықтарында және басқа да медициналық мекемелерінде медициналық-санитариялық және медициналық-әлеуметтік көмектің көрсетілуіне;

4) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққандарға тұратын аймағына байланысты 1,3-тен 1,5-ке дейінгі коэффициенті қолдану арқылы зейнетақыны тағайындауға;

5) экологиялық қолайсыз аймақтарда тұруына байланысты 1,2-ден 1,5-ке дейінгі коэффициентті қолдану арқылы еңбекақы, стипендия төленуіне;

6) аймақтар бойынша 7-ден 12 күнтізбелік күнге дейін жыл сайынғы ақы төленетін қосымша демалысқа (зиянды еңбек жағдайлары үшін берілетін демалысқа қосымша) кепілдік беріледі.

430. Еңбек демалысымен бірге қолданылатын төлемдерге қосымша бір айлық тарифтік мөлшерлеме немесе лауазымдық айлықақы мөлшерінде материалдық көмек көрсетіледі.

431. Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен адамдарға осы Заңмен сонымен қатар тұрып жатқан тұрғын үйін меншігіне өтеусіз алу көзделген.

432. Экологиялық апат аймағында тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде орынмен қамтамасыз етуде басымдық беріледі.

433. Экологиялық қасірет салдары себебінен I және II топтағы мүгедек болған адамдардың облыс орталықтарын, республикалық маңызы бар қалаларды және ҚР астанасын қоспағанда, жаңа тұрғылықты жері бойынша тұрғын үйді бірінші кезекте алу құқығы бар.

434. Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен тұрғындарға "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы ҚР Заңында мыналар:

1949 жылдан 1990 жылдар аралығында ядролық сынақ жүргізу барысында радиациялық әсерге ұшыраған аймақтарда тұрған және тұрып жатқан азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу. Тек 2003 жылдан бастап 2016 жылға дейін 640,3 мың азаматқа жалпы сомасы 12,3 млрд. теңгеге біржолғы ақшалай өтемақы төленді;

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан, төтенше және ең жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұратын азаматтар зейнетақыларына үстемеақы;

1949 жылдан 1963 жылға дейінгі кезеңде 5 жылдан кем емес төтенше және ең жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұрған азаматтар үшін бұдан бұрынғы жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жас бойынша зейнетақы төлемдерін алу құқығы, зейнетке 50/45 жасында жасы бойынша жеңілдікпен шығу (әйелдер мен ерлер, тиісінше);

ядролық сынақтар мен оқу-жаттығуларына тікелей қатысқан адамдарға мөлшері 6,19 АЕК ай сайынғы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу (2017 жылы – 13 996 теңге);

аурудың, мүгедектіктің Семей ядролық сынақ полигонында ядролық қаруды сынақтан өткізуден болған радиациялық әсермен себеп-салдарлық байланысы болған жағдайда 7,55 АЕК мөлшерінде (2017 жылы – 17 131 теңге) ай сайынғы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу;

ядролық сынақтардың салдарынан мүгедек болған адамдарға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны жоғарылатылған мөлшерде төлеу (I топ мүгедектеріне – 51 609 теңге; II топ мүгедектеріне – 41 581 теңге; III топ мүгедектеріне – 32 042 теңге) көзделген.

435. Полигон аумағында тұратын және зардап шеккен деп танылған тұрғындардың тұратын аймағына байланысты 1-ден 2-ге дейін АЕК мөлшерінде қосымша еңбекақыға, 5-тен 12 күнтізбелік күнге дейін жыл сайынғы ақы төленетін қосымша демалысқа шығуға құқығы бар.

436. Ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аймақтарда тұратын әйелдердің қалыпты босануы кезінде жүктілігі мен босануы бойынша ұзақтығы күнтізбелік 170 күн және босануы қиын болған немесе екі және одан да көп бала босанған кезде ұзақтығы күнтізбелік 184 күн жүктілігі және босануы бойынша демалысқа құқығы бар.

437. Ядролық сынақтардың әсерінен зардап шеккен аймақтарда тұратын 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер санаторлық-сауықтыру мекемелерінде (медициналық көрсетілімдер бойынша) тегін сауығуға құқығы бар.

36-ұсыным

438. ҚР Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығымен бекітілген ҚР-ның денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған " Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2011 жылдан бастап "Саламатты өмір салты және қатердің мінез-құлық факторларымен шартталған әлеуметтік маңызы бар аурулардың деңгейін төмендету" денсаулықты қорғау жөніндегі сектораралық кіші бағдарлама орындалуда.

439. Жыл сайын саламатты өмір салтын насихаттау, қатер факторларының және әлеуметтік маңызы бар аурулардың профилактикасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық науқандар шеңберінде әрбір іс-шарада 1 миллионнан астам адам қамтылатын бір миллионнан астам іс-шара өткізіледі.

440. Тұрақты негізде республикалық және өңірлік деңгейде БАҚ-тарда баспасөз конференцияларын, ТВ-хабарлар, радиохабарларды, бейне және аудиороликтерді, оның ішінде халық көп жиналатын жерлерде (қоғамдық көліктер, емханалардың холлдары, әуежайлар және т.б.) трансляциялауды қоса алғанда, әлеуметтік маңызы бар аурулардың профилактикасы және саламатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ мақалалар жарияланады.

441. 2011 жылдан бастап жыл сайын 60-тан астам ҮЕҰ-ларды тарту арқылы әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алудың және денсаулықты нығайтудың

маңыздылығы туралы халықтың сауаттылығын арттыру үшін 100-ден астам әлеуметтік жоба іске асырылуда.

442. 2012 жылдың мамыр айынан бастап өмірлік қиын жағдайға тап болған жасөспірімдер мен жастарға медициналық-психологиялық көмек көрсету үшін республикада еліміздің кез-келген жерінен қоңырау шалып, акушер-гинекологтың, психологтың тегін консультациясын алуға болатын "150-сенім желісі" Ұлттық телефон желісі жұмыс істейді. 2012 – 2015 жылдары барлығы 1 154 756 қоңырау шалынған: мәні бойынша – 19 809 қоңырау, 16 131 абонентке психологиялық қолдау, 2 298 абонентке құқықтық қолдау, 1 380 абонентке әлеуметтік қолдау көрсетілді, мәні бойынша емес 1 134 947 қоңырау шалынды, 215 абонент үнсіз.

443. Ең үздік халықаралық практиканы ескере отырып профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында республикалық және өңірлік деңгейде симуляциялық жабдықты пайдалану бойынша заманауи инновациялық технологиялар енгізілуде.

444. 2011 – 2015 жылдар аралығында жыл сайын бірыңғай мазмұндағы және дизайндағы ақпараттық-білім беру материалдары әзірленді, бұл 72 053 849 дана плакат, буклет, парақша және басқалары, сонымен бірге 3 ақпараттық-оқыту кешенін (кітап+бейнефильм, 20 минут хронометраж); 44 бейне және 42 аудиороликті, танымал адамдар тартылған 36 телехабарды құрады. Ақпаратты тұрақты негізде жаңартып отыратын өңірлік СӨСҚ www.hls.kz, www.zhas-hls.kz веб-сайттары жұмыс істейді. Интернет арқылы ҚР ДСМ және www.youtube.com веб-сайттарында бейнероликтерді орналастыру арқылы саламатты өмір салтын насихаттау қарқынды жүргізілуде.

37-ұсыным

445. "Мәдениет туралы" ҚР Заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттің мәдениет саласындағы негізгі міндеттерінің бірі мәдени құндылықтарға еркін қолжетімдікті қамтамасыз ету болып табылады.

446. ҚР Президентінің 2014 жылғы 4 қарашадағы Жарлығымен Мәдени саясат тұжырымдамасы бекітілді, оның шеңберінде халықтың мәдениет өнімдері мен қызметтеріне кең қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

447. Мәдениет ұйымдарының көбісі мәдени іс-шараларға қатысу қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында тегін қызмет көрсетеді не арнайы жеңілдіктерді қарастырады. Атап айтқанда М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық театрында, М. Лермонтов атындағы Орыс мемлекеттік академиялық театрында, Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік жасөспірімдер мен балалар академиялық театрында, Н. Сац атындағы Орыс мемлекеттік жасөспірімдер мен балалар академиялық театрында, Республикалық Неміс драма театрында мүгедектерді тегін кіргізу қарастырылған.

448. ҚР Ұлттық музейіне ҰОС ардагерлері, мүгедектер, мектепке дейінгі жастағы балалар, жетім балалар, көп балалы аналар тегін кіреді.

449. 2005 жылдан бастап Алматы қаласындағы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана "Вести" интернет газетін шығарады. Сонымен қатар, айына бір рет CD форматында "Менің жолым" атты газетін шығарады. Осы басылымдар зағип және нашар көретіндерге арналған арнайы қаріпті қолдану арқылы шығарылады.

450. "Мәдениет туралы" ҚР Заңының 24-бабының 6-тармағына сәйкес еліміздің барлық мемлекеттік кітапханалары мүгедектер мен қарттарға сырттай немесе негізгіден тыс қызмет көрсету нысандары арқылы қызметтер ұсынады.

451. 2015 жылы бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын концерттік ұйымдарға, театрларға, мәдениет-ойын-сауық ұйымдарына, кітапханаларға, музейлер мен қорық-музейлерге, цирктерге қол жеткізу нормативтерін қамтитын "Мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени-ойын-сауық іс-шараларына мүгедектердің қол жеткізуін қамтамасыз ету" ең төмен әлеуметтік стандарты бекітілді. Стандартқа сәйкес бірінші және екінші топ мүгедектері мен он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар көрсетілетін қызметтерді бюджет қаражаты есебінен қолданады, ал үшінші топ мүгедектері көрсетілетін қызметтердің 50 пайызын төлейді.

38-ұсыным

452. Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі үшін оның маңызды құрамдас бөлігі, сондай-ақ ана мен бала денсаулығы болып табылатын Қазақстанның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі артыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

453. Балалардың өлі тууы мен өлімінің санын қысқарту мақсатында практикаға дәлелді медицинаға негізделген және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) ұсынған халықаралық технологиялар енгізілді.

454. Денсаулық сақтауды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын орындау шеңберінде бірқатар жүйелі шараларды іске асыру жалғасуда.

455. Тәуекел дәрежесіне байланысты жүкті әйелдер мен жаңа туылғандарға күтім жасау технологиясын барынша қолдануға мүмкіндік берген өңірлендіру ең тиімді ұйымдастыру технологияларының бірі болды.

456. Патологиясы ауыр жүкті әйелдер мен уақытынан бұрын босанатын әйелдер перинаталдық орталықтарға жіберіледі, онда шала туылған және ауру жаңа туған нәрестелерді реанимациялау және күту үшін жоғары білікті мамандар жұмыс істейді, заманауи медициналық жабдық шоғырландырылған және қымбат дәрілік заттар қолданылады.

457. Жоғары білікті жедел көмектің уақтылылығы мен қолжетімдігін қамтамасыз ету мақсатында республикада 2011 жылдан бастап республикалық санитариялық

авиация қызметі жұмыс істейді. 2015 жылы 2 149 ұшу жасалды, 2 700 пациентке қызмет көрсетілді, 2098-і тасымалданды, оның 1530-ы (72 %) –жүкті әйелдер мен балалар.

458. Babies матрицасына сәйкес дене салмағы және өмір сүру кезеңдеріне сәйкес нәрестелер өлімін талдау нәрестелер өлімінің мониторингін жүргізуге және басқарушылық шешімдер қабылдау мен медициналық қызметтердің тиісті көлемін көрсету үшін проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді.

459. Республикада аналардың қауіпсіздігі, балалық шақтағы ауруларды сабақтастыра емдеу (бұдан әрі – БШАСЕ) және басқа да тиімді халықаралық технологиялар енгізілген.

460. "Аналардың қауіпсіздігі" бағдарламасына мынадай технологиялар кіреді: әріптестік босандыру, босануда еркін қалыпты таңдау, ананың баламен ерте байланысы, "жылылық тізбегін сақтау", ана мен баланың бірге болуы, тек емшекпен тамақтандыру.

461. Соңғы 3 жыл ішінде тиімді технологияларды енгізудің республикалық үйлестіру орталығы жұмыс істейді және көрсетілген технологияларға босандыру және балалар ұйымдарының медицина қызметкерлерінің 80 %-ынан (шекті масса) астамы оқытылды.

462. Еліміздің барлық өңірлерінде тиімді перинаталдық көмекті, техникалық жабдықталған БШАСЕ енгізу бойынша өңірлік оқу орталықтары құрылды. ДДҰ ұсынған тірі және өлі туу өлшемшарттарының енгізілуін, әйелдер мен балалар өлімі себептерінің құрылымын ескере отырып, елімізде стационарлық қызметті жетілдіру және нығайту, практикаға қарапайым, үнемді, қолжетімді, дәлелді медицинаға негізделген халықаралық технологияларды, тиімді перинаталдық күтімді, БШАСЕ енгізу басталды.

463. ҚР ДСМ халықтың аз қамтылған топтарының арасында баланың денсаулығы үшін қауіпті белгілерді білудің төмен деңгейін анықтап, ЮНИСЕФ және ДДҰ бірлесіп, бүгінде 5 жасқа дейінгі балаларды күту қағидалары жөнінде аналарды ақпараттандыру бойынша кең ауқымды науқан жүргізуде.

464. 2014 жылы аналарға арналған "5 жасқа дейінгі баланың дамуы бойынша жеке карточка" және мейірбикелерге арналған балаларды тамақтандыру және психо-моторлық дамуы бойынша оқу-әдістемелік нұсқау әзірленді, сондай-ақ ерте жастағы балаларда болатын ауру кезіндегі алғашқы қауіпті белгілер жөніндегі, емшекпен тамақтандырудың маңыздылығы туралы бейнероликтер түсірілді (халық үшін). "Профилактикалық медицина академиясы" ҚБ бірге 5 жасқа дейінгі балаларды тамақтандыру бойынша оқу фильмі түсірілді.

465. Жоба шеңберінде халықаралық консультанттар ДДҰ ұсынған тиімді технологияларды енгізуді ұйымдастыру және бағалау бойынша 80 өңірлік үйлестірушіні, оның ішінде 32 тәуелсіз аккредиттелген медицина сарапшысын оқытты.

466. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында 478-ден астам отбасын жоспарлау кабинеті ашылды. Профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшелерімен отбасы денсаулығы орталықтары, 97 Жастар денсаулық орталығы, денсаулықты нығайту орталықтары (жас ана, репродуктивтік денсаулық мектептері, бастамашылық клубтары және т.б.) құрылды. "Әр бала қалаулы, әр босану қауіпсіз" қағидаты насихатталады.

467. Баланың дұрыс дамуы мақсатында халықтың балалардың денсаулығы, тамақтандыру, гигиена және емшекпен тамақтандырудың артықшылығы, гигиена туралы хабардарлығын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде, ақпараттық материалдар шығарылады және үкіметтік емес ұйымдар арқылы әлеуметтік жобалар іске асырылады. Тек емшекпен тамақтандырумен қамту 6 айға дейінгі балалардың 82 % -ын құрайды. Мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту үшін саламатты өмір салты, дұрыс тамақтану, дене белсенділігі қағидаттары насихатталады. 2017 жылдан бастап оқушыларға медициналық қызмет көрсету денсаулық сақтау жүйесінің құзыретінде.

468. 2014 жылы жұмыс істеп тұрған жүректе миокард ісігін алып тастау бойынша алғаш рет операция жасалды, бұл ретте әлемде барлығы осындай 4 операция жасалған, сондай-ақ 3 балаға кеңірдек өңеш терең жарасы бар өңеш бітеу өзегін эндоскопиялық жедел емдеу жүргізілді.

469. Балаларға амбулаториялық және стационарлық деңгейдегі медициналық көмек диагностика мен емдеудің жоғары технологиясы мен қымбат әдістерін қолдану арқылы тегін көрсетілетінін атап өткен жөн.

470. Қазақстан қант диабетімен ауыратын балаларға тегін инсулиндік помпалар ұсынған әлемдегі жалғыз ел. Сирек генетикалық аурулармен (Гоше ауруы, муковисцидоз, мукополисахаридоз) ауыратын балалар ТМККК шеңберінде өмір бойы қымбат дәрілік терапиямен қамтамасыз етіледі. Қазақстанның халықаралық деңгейде балаларды вакцинациялаумен толық және тегін қамтамасыз ететін мемлекет мәртебесі бар, оларды қамту "MICS 2010 ж." ақпараты бойынша 97,5%-ды құрайды. Соңғы 7 жылда вакцинациялауға мемлекеттің шығыны 1-ден 12 млрд. теңгеге дейін өсті. Вакцинациялаудан кейінгі реакцияны төмендету мақсатында Қазақстан 2013 жылдан бастап олардың жоғары тиімділігі кезінде көкжөтел, дифтерия мен сіреспеге қарсы аз реактогенді вакцинамен қамтамасыз етуге көшті. Нәтижесінде соңғы 20 жыл ішінде қызамықпен ауыру 291 есе азайған, балалардың арасында "В" гепатитімен ауыру 135 есе, дифтериямен ауыру 100 есе, қызылшамен ауыру 25 есе, көкжөтелмен ауыру 20 есе азайған. Біздің ел 2002 жылдан бастап полиомиелит, ал 2012 жылдан бастап малярия жоқ аумақ ретінде ДДҰ тарапынан сертификатталды.

471. ҚР-да 2010 жылдан бастап ДДҰ ұсынымдарына сәйкес пневмококк инфекциясына қарсы 13-валенттік вакцина кезең-кезеңімен енгізілуде. Пневмококтік вакцинамен балалардың нысаналы топтарын қамту 2015 жылы 87%-ды құрады.

472. ҚР-да 2010 – 2015 жылдар аралығында вакцинациялау нәтижесінде пневмониямен аурудың 1,5 есе азайғаны, 1 жасқа дейінгі нәрестелердің пневмониядан өлімі және сәби өлімі көрсеткішінің 2,2 есе азайғаны байқалып отыр.

473. Тек соңғы екі жыл ішінде (2015 – 2015 ж.) 0-5 жасқа дейінгі балалардың пневмониямен ауруы 11 %-ға (43054-тен 38387-ге), ал 5 жасқа дейінгі балалардың пневмониядан өлімінің үлес салмағы 9,5%-ға (4,5 %-дан 3,8 %-ға), оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалардың пневмониядан өлімі 18 %-ға (3,9 %-дан 3,2%-ға) төмендеген.

474. 2013 жылғы маусымда ҚР-да БҰҰ-ның Балалар өлімін бағалау жөніндегі ведомствоаралық сарапшылар тобы (БӨВСТ) жұмыс істеді. Олардың сапары барысында балалар мен сәбилер өлімі көрсеткішін қайта есептеу жүргізілді.

475. БӨВСТ есептік ақпараты бойынша Қазақстанда 2014 жылдың қорытындысы бойынша 1000 тірі туылғанға сәбилер өлімінің көрсеткіші 13-ті, балалар өлімі 1000 тірі туылғанға 14-ті құрады, бұл Child Mortality Report 2015 есебінде көрсетілген.

476. Бұдан басқа, БӨВСТ сарапшылары Қазақстандағы балалар мен сәбилер өлімін тіркеудің дәйектілігі мен объективтілігін растады.

477. Жетістіктер туралы ақпарат Дүниежүзілік Банктің ресми дерекқорына 2015 жылы енгізілді және 2014 – 2015 жж. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі есептеу кезінде сәбилер өлімі көрсеткіші бойынша Қазақстанның рейтингі 20 позицияға дейін жақсарды (98-ден 78-ге дейін).

478. 2014 жылғы қарашада БҰҰ-ның Аналар өлімін бағалау жөніндегі ведомствоаралық сарапшылар тобы (ММЕІG) аналар өлімі көрсеткішіне бағалау жүргізді. ММЕІG есебі бойынша ресми көрсеткіш 11,7 болған кезде көрсеткіш 12,0-ді құрады. Осылайша, аналар өлімі БҰҰ-ның есептік деректері бойынша 85 %-ға төмендеген және ресми деректерден айырмашылық ± 3 сенімгерлік интервалында.

479. ҚР Конституциясы міндетті болып табылатын тегін орта білімге кепілдік береді. Аталған норма сондай-ақ "Білім туралы" Заңда көрініс тапқан, бұл Бала құқықтары туралы конвенцияның 28 және 29-баптарына сәйкес келеді.

480. "Білім туралы" ҚР Заңында міндетті тегін мектепалды білім алуға мемлекеттік кепілдіктер көзделген.

481. Білім беру саласында қабылданатын барлық шаралар оның қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

482. Жыл сайын мемлекеттік бюджеттің білім беруге арналған шығыстары ұлғайтылады: 2010 жылы – 782,6 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге 3,6 %, 2014 жылы – 1,4 трлн. теңге немесе ЖІӨ-ге 3,5 %, 2015 жылы – 1,5 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге 3,7 %.

483. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда "Балапан" салалық бағдарламасының арқасында жыл сайын мектепке дейінгі ұйымдардың желісі артуда.

484. Қазақстанда 2015 жылы 8 834 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істеген, оларда 758,8 мың бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған (қамту 81,6 %). 2010 жылы 4 781 мектепке дейінгі ұйымда 390,4 мың бала қамтылған (қамту 41,6%). Мектепке дейінгі

мекемелердің 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамтуы – 53,8 % (2014 жыл – 52,3 %), 3-6 жас – 81,6 % (2013 жылы – 78,6 %). Жалпы алғанда балаларды қамту 2014 жылмен салыстырғанда 1,5 %-ға (1-ден 6 жасқа дейін) және 3 %-ға (3-6 жас) ұлғайған.

485. 2010 жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі мекемелер желісі 2 388 бірлікке артқан. Мектепке дейінгі дайындықпен мектепке дейінгі балалардың жалпы санының 99,7 %-ы, 2010 жылы 88,9 %-ы қамтылған.

486. Республикада 7 160 (2010/11 оқу жылдары – 7 638) күндізгі жалпы білім беру мектебі жұмыс істейді, оларда 2,7 миллионнан астам оқушы оқиды (2010/11 оқу жылында – 2,4 млн. оқушы). Қысқару шағын жинақталған мектептерді оңтайландыруға байланысты.

487. Орта білім беру жүйесінде білім мазмұнының сапасын жақсарту бойынша бірқатар шаралар қабылданды.

488. 2013 жылдан бастап барлық мектептерде 1 сыныптан бастап ағылшын тілін, 5 сыныптан бастап "Информатика" пәнін оқыту, бұдан басқа 9-11 сынып оқушылары үшін "Адам. Қоғам. Құқық" ықпалдастырылған пәні енгізілді.

489. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары іске асырылуда. Орта мектептерге арналған барлық оқу бағдарламалары оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды ескере отырып жаңартылды.

490. Орта білімнің қолжетімдігін және сапасын жақсартуды қамтамасыз ету үшін республиканың білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Республиканың жалпы білім беру мектептері республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жаңа модификациядағы пәндік кабинеттермен жабдықталады. 2015 – 2016 оқу жылында мектептерді пәндік кабинеттермен жабдықтау орташа есеппен 68,1 %-ды (4 876 мектептен 7 160 мектеп), оның ішінде: физика – 49,6 %-ды (3 551 мектеп); химия – 43,5 %-ды (3 114 мектеп); биология 42,2 %-ды (3 021 мектеп); мультимедиялық лингафондық кабинеттер – 40,0 %-ды (2 868 мектеп) құрайды.

491. Оқытудың жаңа нысандары мен технологиялары – балалар интерактивтік парктері (ғылым қалашықтары), технопарктер, балалар ғылыми музейлері енгізілді.

492. 2013 жылы Астана қаласының Оқушылар сарайында балалар мен жасөспірімдерге арналған Ұлттық интерактивтік парк ашылды.

493. Назарбаев зияткерлік мектептері желісін дамыту жалғасуда, олардың саны 2015 жылы – 20-ны, 2014 жылы 16-ны құрады (2010 жылы 0-ді құраған), олар 13 563 оқушы оқиды. Республиканың жалпы білім беру мектептерінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін трансляциялау жүргізілуде.

494. Көптілді білім беруді енгізу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіледі.

495. Жастардың техникалық және технологиялық кәсіптер бойынша техникалық және кәсіптік білім алуға қолжетімділігін арттыру үшін 2014-2015 оқу жылында

республикалық бюджет есебінен техникалық және кәсіптік білім беру кадрларын дайындауға мемлекеттік тапсырыстың көлемі 5358 бірлікке ұлғайтылды.

496. Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының білім алушылары заңды негізде "студенттерге" теңестіріліп, кәсіптік лицейлер колледж болып қайта аталды.

497. 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап студенттер стипендия мен жол жүруге өтемақы (4 АЕК) алады.

498. Барлық білім беру ұйымдары компьютерлік техникамен 100 % жабдықталған. Республикада электрондық оқыту жүйесі енгізілуде.

499. Қазіргі уақытта 1159 орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы электрондық оқыту жүйесіне қосылған. Жоба шеңберінде әрбір білім беру ұйымы заманауи дербес компьютерлермен, ноутбуктермен жабдықталған, кеңжолақты интернетпен және Wi-Fi желісімен қамтамасыз етілген.

39-ұсыным

500. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті халықаралық қауымдастықтың Қазақстан ратификациялаған ұсыныстарын этникалық аз топтардың кепілдік берілген құқықтарын іске асыруда кемсітушілікке жол бермеу бөлігінде қатаң сақтайды.

501. Мәселен, ҰҚК "ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 8 қаңтардағы ҚР Заңына сәйкес осы саладағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған бірқатар нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, қабылдады.

502. Оларды қабылдау адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделер қорғауды сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

503. ҚР ҰҚК нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуі кезінде заң жобалары орталық мемлекеттік органдарда келісуден, оның ішінде адам құқықтарының сақталу сәйкестігіне өтетінін атап өткен жөн.

504. Оның үстіне "Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу қағидаларын бекіту туралы", "Терроризм актісінің салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген мүліктік зиянды өтеу қағидаларын бекіту туралы", "Терроризм актісін жасауы салдарынан, сондай-ақ олар жасаған терроризм актісінің жолын кесу кезінде өлген адамдарды жерлеу қағидаларын бекіту туралы", "Арнаулы және түзеу мекемелерінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жасау бойынша ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура органдарының және ҚР Дін істері агенттігінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы", "Террористік акциялардан зардап шеккен адамдарды әлеуметтік оңалту ережесін бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Үкіметінің заңға тәуелді актілерінің қабылдануымен азаматтардың, оның ішінде

терроризмге қарсы шараларды іске асыру кезінде зардап шегуі мүмкін этникалық аз топтардың экономикалық және әлеуметтік құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлінеді.

40-ұсыным

505. Ұлт жоспары "100 нақты қадам" және Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауларының стратегиялық міндеттерін іске асыру мақсатында 2016 жылы мемлекетке тән емес және артық функцияларды бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру бойынша базалық тәсілдер мақұлданды. Сондай-ақ Үкімет жүргізіп жатқан маңызды құрылымдық реформалардың бірі 2020 жылға қарай экономикада мемлекеттің қатысуын ЖІӨ-ге қарағанда 15%-ға дейін ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне дейін қысқарту болып табылады.

506. Кредиттік және микрокредиттік ресурстарға кәсіпкерлердің қолжетімділігін кеңейту үшін ҚР Үкіметі бизнестің ұсыныстары ескерілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын әзірледі. Бұдан басқа, 2016 жылы қайталанатын рәсімдерді болдырмауды, қызмет көрсету мерзімін және азаматтардан сұралатылатын құжаттар тізбесін қысқартуды болжайтын мемлекеттік қызмет көрсету процестерін жеңілдету бойынша жұмысты бастады (бизнес процестердің реинжинирингі).

507. Қазіргі уақытта жаңа Салық кодексінің жобасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде, оған мемлекеттік органдар, бизнес-қауымдастықтардың өкілдері, "Атамекен" ҰКП, мемлекеттік емес ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері белсенді қатысуда. Жаңа Салық кодексі қазіргі салық кодексінен мүлдем өзгеше құрылымымен, жаңа идеологиясымен ерекшеленетін болады, ал оның мазмұны жеңіл болады. Сонымен қатар, онда көлеңкелі экономика бойынша шаралар көрініс табады, бірқатар жеңілдіктер бір жүйеге келтіріледі және жер қойнауын пайдалану ынталандырылатын болады. Орта және шағын бизнес пен ауылшаруашылық кешенінің субъектілері үшін бірқатар талаптар жеңілдетіліп, қосымша режим ұсынылады. Кодексті қабылдау тұлғаның, мемлекет пен бизнестің мүдделерін қорғауды сапасы жағынан жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

508. Экономиканың өсімін орташа әлемдік деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз ету және озық 30 елдің қатарына тұрақты ілгерілеу мақсатында "Қазақстанның ұлттық технологиялық бастамасы" ҚР 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары әзірленуде, онда экономиканы технологиялық жаңғырту арқылы еңбек өнімділігін арттыру; жеке секторды мен кәсіпкерлік бастаманы белсендіру; заң үстемдігін қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлық деңгейін азайту есебінен қолайлы инвестициялық ахуал құру; Қазақстан тұрғындарының жеке басының бәсекеге қабілеттілігін арттыру сияқты алты негізгі басымдық айқындалған.

509. ҚР Ұлттық экономика министрлігі жұмысының стратегиялық бағыттарының бірі ЕАЭО, ШЫҰ, БҰҰ, ЭЫДҰ және т.б. сияқты халықаралық ұйымдармен

экономикалық интеграцияны тереңдету мен ынтымақтастықты күшейту болып табылады.

510. Еуразиялық экономикалық одақ құрылған кезден бастап Одаққа мүше мемлекеттердің экономикасын тереңдете дамыту үшін уағдаластықтарға қол жеткізілді. ЕАЭО жұмыс істеуі мақсатында, тұрақты негізде ЕАЭО қалыптасуына кедергі келтіретін негізгі сауда кедергілерін жою, сондай-ақ алып қоюларды және шектеулерді алып тастау бойынша баса назар аударылған жұмыс жүргізілуде.

511. Әкімшілік кедергілерді төмендетуге, озық ақпараттық технологияларды енгізуге, кедендік тазалауды өткізуді жылдамдатуға бағытталған ЕАЭО-ның жаңа Кеден кодексі қабылданды.

512. Мемлекет басшасының тапсырмасына сәйкес үшінші жаңғырту шеңберінде ЭЫДҰ-ның озық практикасы мен ұсынымдарын имплементациялау үшін Ұлттық жол картасының жобасы әзірленді.

513. Аталған Жол картасы 2016 жылы аяқталған ЭЫДҰ-мен ынтымақтастық бойынша Елдік бағдарлама аясында жүзеге асырылуда. Жол картасы шеңберінде Елдік бағдарламаның барлық алынған шолулары бойынша ұсынымдар жүзеге асырылуда.

514. 2017 жылғы сәуірде Қазақстан мәртебесін ЭЫДҰ-ның Инвестициялар жөніндегі комитетінде "Одақтас мүшеге" дейін көтерді (ЭЫДҰ комитеттеріндегі мүшеліктің жоғары сатысы).

515. 2010 жылы ҚР Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялады.

516. 2011 жылы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" ҚР Кодексі қабылданды.

517. 2012 жылғы қарашада ҚР Заңымен Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенция ратификациялады.

518. 2013 жылғы шілдеде "ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңы қабылданды. Осы Заңда жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйді бірінші кезекте алу құқығы көзделген.

519. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнама БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенциясының талаптарына сәйкес келтірілуде.

520. ҚР-да бала құқықтары бойынша ҚР-ның нормативтік құқықтық базасы қалыптастырылған, ол жалпы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

521. Елімізде заңнамамен балалардың өмір сүруге, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға, жеке басына қол сұғылмаушылыққа, тұрғын үйге, білім алуға, әлеуметтік қамсыздандырылуға және әлеуметтік қызмет алуға, денсаулығын сақтауға және медициналық көмекке, мәдени құндылықтарға қол жеткізу және басқа ең маңызды құқықтары қамтамасыз етілген.

522. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара әрекеттесудің тиімді жүйесі құрылған. ҚР Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмысын жалғастыруда.

523. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының Темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясын іске асыру шеңберінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" ҚР 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексіне ДДҰ ұсынған темекі бұйымдарына акциздер мөлшерлемесін сатылап арттыруға қатысты өзгеріс енгізу туралы ұсыныс жасалды.

524. Донорлардың, реципиенттердің және транспланттау бойынша қызметтерді ұсынатын медициналық ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын заңнамалық базаны қалыптастыру үшін өмір мен денсаулыққа қауіпті аурулар табылған адамдар, сондай-ақ жүкті әйелдер тірі донор бола алмайтындығын айқындау ұсынылады.

525. Сондай-ақ, ақысыз донорлық міндетті жүзеге асыратын донорға орташа жалақысының сақталуымен бір күн қосымша демалыс алу құқығы көзделген. Аталған норма ерікті ақысыз донорлықты ынталандыру мақсатында енгізіледі.

526. Тірі донордан тіндерді және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) алу, алуға келісу нотариаттың куәландыруын талап етпейтін гемопозддікдің жасушаларын қоспағанда, оның нотариат куәландырған жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырыла алатыны нақтылануда.

41-ұсыным

527. ҚР Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттаманы ратификациялауға қатысты ұсынымдарды қолдайды. Осы бағыттағы жұмыс болашақтағы ықтимал қаржы міндеттемелерін айқындау қажеттілігіне байланысты қатысушы мемлекеттерге сараптамалық және техникалық көмек ұсыну үшін Нысаналы қор құрылғаннан кейін жандандырылатын болады.

42-ұсыным

528. Пікірлерге толыққанды мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету және құқық қорғау саласында қажетті шешімдер қабылдауға жәрдемдесу мақсатында ҚР СІМ жанынан "Адами өлшем бойынша диалог алаңы" деген атаумен Консультативтік-кеңесші орган (ККО) құрылды, оның жұмысына ҮЕҰ-лардың, Қазақстанда аккредиттелген халықаралық құқық қорғау ұйымдарының, саяси партиялардың, мемлекеттік органдардың өкілдері қатысады.

529. Осы алаңда белсенді пікірталастар өткізіледі, проблемалық мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланады, Үкімет атына ұсынымдар әзірленеді, ҚР-ның халықаралық міндеттемелерді орындауы мәселелері бойынша құқық қорғау ұйымдары мен құзыретті мемлекеттік органдар өкілдерінің арасында конструктивті пікір алмасу жүзеге асырылады.

530. ККО шеңберінде демократия, құқықтың үстемдігі, адам құқықтары және азаматтық сектордың заң шығару процесіне қатысуы мәселелері бойынша 4 кіші топ жұмыс істейді.

43-ұсыным

531. 2015 жылғы ақпанда Қазақстан БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын ратификациялады.

532. Аталған жұмысты тиімді ұйымдастыру мақсатында 2012 жылдан бастап ҚР-да Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары кезең-кезеңімен іске асырылуда.

533. Іс-шаралар жоспарының бірінші және екінші кезеңдері шеңберінде мүгедектердің құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша шаралар жүзеге асырылды, мүгедектерді жұмыспен қамтудың және мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін кедергісіз орта құрудың негізгі тетіктері әзірленді, ақпараттық науқандар жүргізіледі.

534. Қазіргі уақытта Конвенцияға қол қойған 163 елдің 92-сі Факультативтік хаттамаға қол қойған және тек 88-і ғана оны ратификациялаған.

535. Осыған байланысты Факультативтік хаттаманы ратификациялау мәселесін Жоспардың іске асырылу мерзімі аяқталғаннан және қол жеткізілген нәтижелер бағаланғаннан кейін қарастырған орынды деп пайымдаймыз.

536. Қазіргі уақытта Барлық еңбекші көшіп-қонушылардың және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық Конвенцияға қосылуға әлі ерте деп есептейміз, себебі ҚР аталмыш конвенцияға қосылған жағдайда, оның жекелеген шарттарын орындау үшін мемлекеттік бюджеттен қосымша қаражат бөлу қажет болады.

537. Сонымен қатар, оның жекелеген нормалары қолданыстағы ҚР заңнамасына сәйкес келмейді және шетелдік жұмыс күшін тарту саласында жүргізілетін мемлекеттік саясатқа қайшы келетініне байланысты одан әрі қолдану үшін қолайсыз.

Болашаққа міндеттер

538. ҚР "Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" негізгі стратегиялық құжатын әзірледі, онда гендерлік теңдікті, ана мен баланы, отбасы мен некені қорғауды қамтамасыз ету, көші-қон, сексуалдық құлдықтан қорғау, азаматтардың сот арқылы қорғалу құқығын іске асыру, сот жүйесін жаңғырту және нығайту, сот билігінің беделін, қоғам тарапынан оған деген сенімді арттыру бойынша әрі қарайғы міндеттер айқындалған.

539. Әлеуметтік-экономикалық саясаттың ортамерзімдік кезеңдегі негізгі мақсаты – бұл ҚР-ны дамытудың жаңа бағытын іске асыруды жалғастыру, кірістердің, өндіріске және адами капиталға инвестициялардың тұрақты өсу қарқыны есебінен экономиканың тиімді және сапалы өсуін қамтамасыз ету.

540. Елдің экономикалық әл-ауқаты адами капиталдың даму, денсаулық, әлеуметтік күй, инклюзивтілік, қауіпсіз өмір сүру ортасы және өнімді әрі тұрақты экономикасы бар тиімді мемлекеттік басқару деңгейімен айқындалуға тиіс.

541. Аталған мақсатқа қол жеткізу мен елдің экономикалық әл-ауқатын қамтамасыз етуге жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық саясат сеп болады.

542. Орта мерзімді кезеңге әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі басымдықтары ретінде мыналар айқындалды:

- 1) макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты сақтау;
- 2) тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету;
- 3) қоғамды әлеуметтік жаңғырту;
- 4) өңірлік даму және урбандалу процесін басқару;
- 5) мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі қалыптастыру;
- 6) халықаралық интеграция.

Макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты сақтау

543. Макроэкономикалық тұрақтылық Жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасын іске асыру және инфляцияны экономикалық өсім үшін қолайлы деңгейде ұстау бойынша шараларды қабылдау есебінен қамтамасыз етілетін болады.

544. ҚР Үкіметі мен Ұлттық Банктің алдында тұрған міндеттерді тиімді шешу мақсатында орта мерзімді перспективада инфляцияны 3-4 % дейін төмендетуге бағытталған шаралар кешені әзірленетін болады. Аталған шаралар елде макроэкономикалық дамудың қол жеткізілген оң нәтижелерін сақтау және экономиканың одан әрі тұрақты және түсімді өсуін қамтамасыз ету үшін тепе-теңдік сипатқа ие болады.

545. Бюджет саясаты мемлекет қаржысының тұрақтылығын нығайтуға және Ұлттық қорда қаржының одан әрі жиналуына бағытталатын болады.

Экономиканың өсімін қамтамасыз ету

546. Экономикалық саясат орта мерзімді кезеңде экономиканың өсуін 5-6, 8 % деңгейінде инвестициялық белсенділік, экономиканы одан әрі индустрияландыру, агроөнеркәсіп кешенін (бұдан әрі – АӨК) жаңғырту, еңбек өнімділігінің өсуі, өңірлердегі іскерлік белсенділіктің артуы, салалардың инвестициялық тартымдылығы, елдің транзиттік әлеуетін көтеру және жаңа жұмыс орындарын ашу есебінен қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

547. Ішкі сұраныстың өсуі және экспорт үшін сыртқы жағдайлардың жақсаруы Қазақстан экономикасы өсуінің негізгі факторлары болады. Экономикадағы ішкі сұранысты қолдау үшін экономиканың өсуі мен жұмыспен қамтуға үлкен мультипликативтік ықпал ететін мемлекеттік және салалық бағдарламаларды басымды қаржыландыру қамтамасыз етілетін болады.

548. Ел экономикасын одан әрі инновациялық индустрияландыру саясаты өңірлердің ерекшелігіне қарай белгілі бір басым секторларда өңдеуші өнеркәсіпті

дамытуға бағытталған индустриалдық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығы шеңберінде іске асырылатын болады.

